



ATYRAU
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№2-3 (136-137)
Сәуір-мамыр, 2024 жыл



ТҮЛЕК 2024

Құрметті түлектер!

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің және дарынды балаларға арналған «Ұстаз» мектебінің 2023–2024 оқу жылындағы түлектерін оқуды аяқтаған мерейлі сәттерімен шын жүректен құттықтаймын!

Университетіміздің бірегей жобаларының бірі – ер балаларға арналған «Ұстаз» мектебінің биылғы 42 түлегінің қатарында «Алтын белгі» мен «Үздік аттестатқа» үміткер 6 оқушымыз бар! Университетімізді 1963 түлек бітірсе, олардың ішінен 1050 болашақ педагог диплом алады. Магистратурада оқыған 119 магистрант та оқуын аяқтайды. Өңірге қажетті мамандарды жеделдете дайындау үшін ашылған педагогтарды қайта даярлау курсы 13 білім бағдарлама бойынша 56 тыңдаушы бітірді. Құрметті түлектер, сіздерді оқу жылының аяқталуымен құттықтаймын, алдағы емтихан сынақтарынан сүрінбей өтуге тілек білдіремін!

Құрметпен Саламат Идрисов,
Х.Досмұхамедов университетінің
басқарма төрағасы–ректор



Фотоларды түсірген медиа орталық фотографы: Ернар ҚАБДЕЛОВ



www.asu.edu.kz



media@asu.edu.kz



[atyrauuniversity_official](https://www.instagram.com/atyrauuniversity_official)



Атырау университет



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АТЫРАУЛЫҚ ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ 1200 ГРАНТ БӨЛІНДІ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде қазақстандық жоғары оқу орындарының ауқымды көрмесі өтті. Көрмеден қажетті ақпарат алуға алғашқы күні 2000-ға жуық талапкер келді. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған көрменің мақсаты – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Атырау облысының жастарына бөлінген нысаналы білім гранттары жайлы ақпарат беру. «Атырау өңіріне 1200 білім гранты бөлінген. Биыл мамандықтардың көлемі кеңейіп, білім гранттары

9 бағытты қамтып отыр. Атырау өңірінің түлектері үшін мамандық таңдаудың мүмкіндіктері көбейді. Бұл көрмеден талапкерлер мамандықты қалай таңдау керек екені жайлы да біле алады. Әрбір жоғарғы оқу орны туралы толыққанды мәлімет беріледі», – деді министрдің кеңесшісі Руслан Емелбаев. Биыл ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі батыс, халық тығыз қоныстанған және жаңадан құрылған өңірлердің талапкерлері үшін 5000 грант бөліп отыр. Атырауда өткен көрмеде «Грант түрлері және талапкердің жол картасы» тақырыбындағы кәсіби бағдар беру семинары да өтті. Онда білікті мамандар талапкерлерге мамандықты сәтті таңдаудың жолын көрсетіп, нарықтағы сұранысқа ие салалар туралы кеңес берді. Ұйымдастырушылар Ұлттық біріңғай тестілеуде 125 баллдан жоғары ұпай жинаған түлектерге сыйлықтар табыстады.

Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Атырау облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен өтіп жатқан аталмыш көрменің екінші күнінде өңірдегі жалпы орта білім беретін мектептердегі кәсіби бағдар беруші мамандарға арнайы форум өткізілді. Іс-шараға облыс бойынша 100-ге жуық кәсіби бағдар беруші маман қатысты. Қатысушыларға үш негізгі спикер баяндама жасап, мамандық таңдау, оқуға тапсыру, құжат жинау сынды өзекті тақырыптарды көтерді. Атап айтқанда Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев «Ұлттық біріңғай тестілеу және гранттар» тақырыбында сөз қозғап, гранттар туралы жан-жақты ақпарат берсе, «JOO High School» мектептер желісінің бағдар беруші бас маманы Диас Асанов «Кәсіби бағдар беруші нұсқаулығы мен бақытты оқушы» бойынша ой бөлісті. Оған қоса профориентолог Айдос Жұманазар «Мамандық таңдаудағы қателіктер» атауымен мамандық таңдаудағы негізгі олқылықтарды талқылап, талапкерлердің жиі жіберетін қателіктерін атады.

Содан соң Руслан Емелбаев пен Айдос Жұманазаров бірігіп, форум қатысушыларына арнайы тапсырмалар жүктеді. Мұнда шынайы өмірде кездесетін сан түрлі мәселелерді, атап айтқанда мектеп түлектерінің құжат тапсыру кезінде, Ұлттық біріңғай тестілеу және тағы сол сияқты маңызды күндері жіберетін қателіктерін талдап, шығу жолын қарастырды. Қатысушылар өзара пікір алмасып, шеберлік сағаты сәтті аяқталды.

Жәнібек ҒАЛЫМ

«ЖАС МАМАН-2024»: ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде жас түлектер үшін «Жас маман – 2024» бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге өңірдегі 116 ірі кәсіпорын мен серіктестік қатысты. Жұмыс беруші мекемелер бос жұмыс орындарын насихаттап, жастарды жұмыс істеуге шақырып, студенттермен бетпе-бет тілдесуге мүмкіндік алды.

Іс-шараны Атырау университетінің Ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры Қансұлу Өтепқалиева ашып, жәрмеңкенің мәні мен маңызына кеңінен тоқталды. «2023 жылғы нәтиже бойынша түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі 83%-ды көрсетті. Биылғы бітіруші түлектер сегізінші семестр бойынша өндірістік тәжірибеден өтеді. Университет серіктестері келісімшарт негізінде жиырма аптаның ішінде іс-тәжірибеден өткеннен кейін студенттердің 40–45 пайызы өз жұмыс орындарын тауып отыр», – деді Қ.Өтепқалиева.

Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі – жұмысқа орналасуға көмектесудің тиімді әдістерінің бірі екені белгілі. Биыл оқу ордасын 2 мыңнан астам түлек бітіріп, қияға қанат қаққалы тұр. Жәрмеңкеге келген бітіруші жас мамандар жұмыс беруші тараппен жолығып, түйіндемесін тапсырып, өзі қалаған жұмыс орны туралы толықтай ақпарат ала алды.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастыру жас мамандарға ғана емес, жұмыс берушілер үшін де аса маңызды. Жәрмеңкеге білікті маман іздеп келген Атырау бекіре балық өсіру зауытының басшысы Болат Мухатжиев саналы бітіруші түлек әрқашан да жоғары сұранысқа ие екендігін тілге тиек етті. «Университетте «Балық шаруашылығы» факультеті бар, оның студенттері біздің кәсіпорыннан өндірістік тәжірибеден өтіп жүр. Студенттер арасынан біліктілерін жұмысқа алдық. Алайда бізге жетіспейтін мамандар да жоқ емес. Атап айтсақ, гидролог, гидрогеолог және балық өсіру мамандары қажет. Сондықтан аталмыш жәрмеңке бізге білікті, жан-жақты, жас мамандарды табуға септігін тигізеді деп ойлаймын», – деді Б.Мухатжиев.

Сондай-ақ, бітіруші студенттер аталмыш іс-шарада мамандығын жан-жақты саралап, жұмыс беруші мекеменің қоятын талаптарымен және өзге де пайдалы ақпаратқа қанық болды.

Жайна МӘЛІМҚОЖА



ГЕЙДАР АЛИЕВ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШӘКІРТАҚЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Биыл Халықаралық шәкіртақыны Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 5 студенті алды. Шәкіртақыны Әзірбайжан Республикасының Қазақстандағы Бас консулдығының басшысы Эльчин Маммадов табыстады.

Әзірбайжанның ұлт көшбасшысы, мемлекет қайраткері Гейдар Алиев атындағы халықаралық шәкіртақы Х.Досмұхамедов университетінің студенттеріне дәстүрлі түрде 14 жыл қатарынан беріліп келеді. Бұл іс-шара бауырлас екі мемлекеттің мәдени рухани және білім беру саласындағы байланыстарын тереңдетіп, ынтымақтастықты нығайтуды көздейді.

«Бүгін Ұлт көшбасшысы, Әзербайжан Республикасының тұңғыш Президенті Гейдар Алиевтың туған күні. Осыған орай, Халел Досмұхамедов университетінің үздік студенттеріне халықаралық шәкіртақыны табыстауға келгенімізге өте қуаныштымыз. Бұл іс-шара дәстүрге айналған. Айта кету керек, 14 жылға жуық уақыттан бері оқу орнының үздік студенттеріне шәкіртақы тағайындалып келеді. Шараны өткізуге қолдау көрсеткен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы-ректоры Саламат Идрисов бастаған ұжымға және студенттерге алғыс айтамын», – деді Әзербайжан Республикасының Қазақстандағы Бас консулдығының басшысы Эльчин Маммадов.

Сондай-ақ, салтанатты шара аясында Әзербайжанның ұлт көшбасшысы, мемлекет қайраткері Гейдар Алиев пен оның аяулы жары Зариф Алиеваның ғибратты ғұмырына арналған жазушы Эльмира Ахундованың

«Мәңгілік махаббат» кітабының тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты.

Биыл халықаралық шәкіртақыны Жаратылыстану ғылымдары факультетінің 2 курс студенті Исламбек Қайырғалиев, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті журналистика мамандығының 3 курс студенті, «SAF» студенттік театрының режиссері Нұрлыгүл Достанова, Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің 3 курс студенті Ерасыл Байдаулетов, Инновациялық білім беру факультетінің 3 курс студенті Назира Жардемғалиева, экономика және құқық факультетінің 3 курс студенті Айкүміс Айтжан, Көптілді білім беру факультетінің 4 курс студенті Жалпа Маммадзада алды.

14 жылда университеттің 60 тан астам студенті Гейдар Алиев атындағы халықаралық шәкіртақыны алған. «Бүгін Әзербайжан халқының көшбасшысы Гейдар Алиев атындағы стипендиясын алғанымға өте қуаныштымын. Бұл бауырлас Әзербайжан елінің атыраулық белсенді студенттерге көрсеткен қолдауы, ерекше құрмет деп білемін. Екі ел арасында достық, ынтымақтастық пен бірлік әрқашан жалғасып, мәдени рухани байланыстарымыз нығай түсуіне телектеспін», – деді студент Н.Достанова.

Айта кетейік, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде бауырлас Қазақстан мен Әзербайжан мемлекеттері арасындағы ынтымақтасты нығайту мақсатында 2012 жылдан бері «Әзербайжанның тарихы мен мәдениетін зерттеу орталығы» жұмыс істеуде.

Наргиз САМҒАТ

«САРАЙШЫҚ» КОМАНДАСЫ ЖҮЛДЕГЕР



Университетіміздің тарих мамандығының студенттері 4-5 сәуір күндері Орал қаласының М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті базасында Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің «6801601-Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша «қазақ елі тарихындағы Жошы ұлысы: мәні мен маңызы» атты XV Республикалық студенттік олимпиадаға қатысып, жүлделі оралды.

Үш кезеңді қамтыған олимпиадада студенттер бірлескен жобаларын қорғап, тест орындау арқылы педагогикалық шеберліктерін шыңдады. Аталған олимпиадаға ЖОО арасында 11 команда қатысқан болатын. Екі күнге созылған білім бәйгесінің топтық кезеңінде университетіміздің «Сарайшық» командасы үздік көрсеткішке ие болып, топ жарды. Атап айтсақ, университет студенттері Дана Абатқызы, Абай Тайпақ, Ақниет Ақымғалиева, Бектас Шопанұлынан

құралған «Сарайшық» командасы топтық кезеңде қарсыластарына шақ келтірмей, білім бәйгесінің намысын қолдан бермеді. Пәндік олимпиадаға дайындаған команданың жетекшісі Амангелді Зайновтың сөзінше «Дәстүрлі түрде өтетін бұл пәндік олимпиаданың маңызы зор. Себебі біз кең байтақ жерімізде өмір сүрген тарихи тұлғаларды жас ұрпаққа дәріптеу арқылы, олардың елге, жерге, отанға деген құрметі мен сүйіспеншілігін көрсетіп, жастардың бойында дарыта білуіміз керек», – дейді «Сарайшық» командасының жетекшісі, аға оқытушы Амангелді Зайнов.

Сондай-ақ, олимпиада кезінде оқытушылар мен жастарға аталмыш университет мұражайы таныстырылып, Орал қаласының тарихи орындарына экскурсия жасалды. Жеңімпаздарды құттықтап, алдағы жобаларына шығармашылық табыстар тілейміз!

Медиа орталық тілшісі



МИНИСТРЛІК ӨКІЛДЕРІ БӨГЕТПЕН ТАНЫСТЫ

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру комитетінің төраға орынбасары Ақерке Абылайхан және университеттің Басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов Алмалы ауылындағы тасқын суға қарсы тұрғызылған бөгетті қосымша нығайту жұмыстарымен танысып қайтты. Қазіргі таңда Алмалы ауылындағы Жайықтың ұзындығы 8,2 шақырым. Бүгінге дейін Атырау облысындағы төтенше жағдайға байланысты құрылған Жедел штаб университет ұжымына Атырау қаласынан 20 шақырым қашықтықтағы Алмалы ауылдық округіне қарасты аумақтан 5 шақырым бөгет салуды тапсырған болатын. Бөгеттің 3 200 метрі тыңнан тұрғызылды. 6 сәуірден басталған бөгет салу жұмысы үзіліссіз, тоқтаусыз жүргізіліп, 25 сәуірде толықтай аяқталды. Бөгет тағанының қалыңдығы 12 метр, биіктігі 6 метр, жалпы ұзындығы 5 шақырым 200 метрді құрады. Бөгет салуға 2000-нан астам белсенді студент, 250 университет қызметкері қатысып, еріктілер күн сайын екі ауысыммен жұмыс істеді. Олар 150 мыңға жуық қапқа топырақ толтырып, арнайы мамандар бекіткен әдіспен бөгетті қапшықтармен қалап шықты. Бүгінде университет қызметкерлері мен студенттерінен құралған топ кезекпен ол жердегі қауіпті тұстарды бақылап, бекіту жұмыстарын жүргізуде.

Баспасөз қызметі

СТУДЕНТТЕР МЕН ОҚЫТУШЫЛАРҒА САЯСАТ НҰРБЕК АЛҒЫС АЙТТЫ

Атырауға жұмыс сапары аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Алмалы және Бесікті ауылдарында тасқын судан қорғауға бөгет құрып жатқан азаматтарға қолдау көрсетіп, алғыс білдірді. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қызметкерлері мен ерікті студенттері Жайық өзені арнасын бекітті. Бөгет тұрғызу жұмыстарына 2500 ерікті студент, 400-ге тарта қызметкер белсенді қатысты.

«Сіздердің күш-қайраттарыңыздың арқасында қаланы қорғайтын маңызды бөгет салынды. Жұмыла көтерген жүк жеңіл! Барлығыңызға азаматтық танытып, аянбай еңбек етіп, ерлік көрсетіп жатқандарыңыз үшін алғыс білдіремін!», – деді министр Саясат Нұрбек. Атырау облысында құрылған Жедел штабтың нұсқауымен университеттер қала іргесіндегі Алмалы және Бесікті елді мекендерін тасқын судан қорғайтын биік бөгеттерді аяқтаған. Университетке бөлінген аймақта жергілікті компаниялар техникамен қамтасыз етіп, бөгет тұрғызуды тәулік бойы жүргізді. Бөгеттің тасқын суға беріктігін арттыру үшін студенттер мен оқытушы профессорлар қапқа жеделдете топырақ толтырып әзірлеп, тоспаны бекемдеді. Университеттің Жедел штабы студенттер мен қызметкерлерді қажетті құрал-сайманмен қамтасыз етіп, жылы шатырлар тігіп, ыстық тамақ дайындап, тасымалдаушы автобустарды қалтықсыз ұйымдастырды.

Баспасөз қызметі



ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ



Ат басына күн туса,
Ауыздығымен су ішер
Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер...

Осы бір даналық сөз елімізде қазіргі уақытта болып жатқан халқымыздың бірлігі мен тірлігі сыналар шаққа арнап айтылғандай. Бірлік болмай тірлік болмас. Ел басына күн туғанда еліміздің, жеріміздің қаншалықты біз үшін қымбат екенін жүрегімізбен сезінгендейміз.

Су тасу қаупі және оның алдын алу шаралары халқымыздың ауызбіршілігінің, жанашырлығының, жанкештілігінің айқын көрінісін көрсетті десек артық емес. Қиын қыстау заманда еңбектеген бала-

дан еңкейген кәріге дейін, ботадай бойжеткендерден ақ жаулықты аналарға дейін ел үшін, жер үшін қолына күрек алып, құм тасуда. Сондықтан күні-түні еңбек етіп жүрген әр азаматы «бүгінгі күннің батырлары» деген атқа лайық. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей біз бұл қиындықтан да басымызды тік көтеріп, алға қарай нық қадам жасадық. Осындай ел басына күн туған шақта Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен студенттері 5 000 шақырым қашықтыққа бөгет салу жұмысын үздіксіз жүргізіп келді, бұл шара тасқын судың Жайық өзені бойындағы Алмалы елді мекені аумағына төндіретін қауіптің алдын алуға себеп болды.

Университет қызметкерлері мен ерікті студенттер 5 мың қап топырақты әзірлеп, бөгеттің беріктігін бекемдеуге қатысты. Атап айтсақ, Инновациялық білім беру факультетінің «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к. А.С.Аралбаевтың жетекшілігімен екі мамандықтың 350-ге тарта студенті, соның ішінде өзінің жетекшілік ететін 6В01401 «Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы» 3 курсының 5 топ студенттерін ерекше атап өткім келеді.

Алмағайып заманда еңсесін тік көтеріп, кезкелген қиындыққа қарсы тұра алатын жастарымыз барда еліміздің болашағы жарқын екені сөзсіз. Жерімізді су баспай, аман-сау өтсек барша халықтың, жалындаған жастарымыздың еңбегінің, дұға-тілектерінің қабыл болғаны деп білеміз. Өңірімізде жарияланған төтенше жағдайды президентіміз өз бақылауында ұстайтынын және апаттың алдын алу үшін еңбектеніп жүрген әрбір азаматқа ерекше алғыс білдіретінін атап айтқан болатын. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек те өз алғысын жеткізген болатын.

Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген барша жергілікті тұрғындарға, еріктілерге, басқа өңірлерден де келіп қол ұшын созған әскери қызметшілер мен құтқарушыларға өз атымыздан ерекше алғыс білдіреміз!

«Бақ қайда барасың десе, ынтымаққа барамын» деген екен. Ынтымағы мен татулығы жарасқан жастарымыз Мағжан атамның үмітін ақтауда және әрі қарай да ақтайды деп сенім білдіреміз.

Әр бөгет және құмға толы әр қапшық – барша халықтың еңбегіміздің, маңдай теріміздің белгісі. Су жерімізді басса да, еңсемізді басуына жол бермейміз. Біздің күшіміз бірлікте! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Айман ҚАЛДЫБАЕВА
дене шынықтыру және
бастапқы әскери дайындық
кафедрасының аға оқытушысы, магистр

ҒАСЫР ҒАЛЫМЫ – ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ

Халел Досмұхамедұлы – XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ демократиялық интеллигенциясының жарқын өкілдерінің бірі, тағдыры күрделі де қасіретті тұлға.

Халел Досмұхамедұлы қазақ демократиялық интеллигенциясының басқа да көрнекті өкілдерімен бірге 1917 жылы шілдеде жалпыұлттық қазақ «Алаш» партиясын құрудың бастауында тұрып, құрылғаны туралы мәжілісте жарияланған Қазақ автономиясының негізін салушылардың бірі болды. Сол жылы желтоқсанда өткен жалпықазақ съезінде «Алаш–Орда» үкіметінің мүшесі болып сайланды.

Халел Досмұхамедұлы 1883 жылы 24 сәуірде қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданында дүниеге келген. «Мен шаруа отбасынан шыққанмын, – деп жазады ол 1931 жылы 14 қыркүйекте ЖЖЛЖ тергеушісіне берген куәлігінде, – менің әкем мен шешем ең қарапайым көшпенділер, орташа табысы бар, отбасының ауыртпалығын көрген, күнкөрістерін әрең көріп отырды. Әкем мен жоғары оқу орнын бітірмей тұрып қайтыс болды. Біз үйде 10 ағайынды едік, мен жетіншісімін және ұлдан екіншімін. Менен үлкен ағам бар еді, туберкулезбен ауырып, әкеммен бір уақытта қайтыс болды» (Архив КНБ РК, дело №06610, том 3).

Халел Досмұхамедұлы 1913–1920 жылдары аралығында оба эпидемиясының өршуіне қарсы бірнеше рет қатысқан. Осы кезеңде ол «Қазақ», «Орал», «Факир» газеттерімен тығыз жұмыс істеп, әртүрлі жұқпалы аурулар туралы ондаған мақалалар жариялады, мұнда оқырманға қазақ және орыс тілдерінде әр аурудың сипаттамаларын, емдеу әдістерін, әртүрлі алдын алу шараларын ұсынған.

Арнайы комиссияның энциклопедиялық білімі бар жан-жақты дарынды Халел Досмұхамедұлы медицина және жаратылыстану ғылымдары бойынша ана тілінде алғашқы оқу құралдары мен ғылыми кітаптар жазды. Тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуде салалық терминология мәселесіне айырықша көңіл бөлінуі, әрине, заңды құбылыс, себебі термин деп аталатын арнаулы сөздер мен сөз тіркестері ғылым мен білімнің ең маңыздыларының бірі екендігі, ұлттық ғылымымызды дамытуда, болашақ ұрпақтарға терең де түбегейлі білім беруде олардың атқаратын рөлі өте жоғары екендігі ешбір дау туғызбайтын ақиқат.

Қазақ терминологиясы қалыптасуының алғашқысы ғылым саласы бойынша терминдер жасақтау ұлтжанды ғалым–азаматтардың атсалысуымен, жарық көруімен сипатталады. Ғалым 1920–1925 жылдары Ташкент қаласында педагогикалық институтында ұстаздық қызмет атқарып жүріп, оқушыларға, студенттерге, мұғалімдерге арнап оқулықтар жазып және түрлі тілдегі (орыс, латын, грек) ғылыми атауларды қазақшаға аударып, терминдерді жаза бастайды: өзінің ең алғашқы «Тән тірлігі» деп аталатын еңбегінде 466–ға жуық қазақша анатомиялық терминдер мен анықтамалар береді.

Халел Досмұхамедұлының аударған және қолданған терминдері жаратылыстану ғылымдарының ішінде ботаника, зоология, анатомия, физиология, химия ғылымдарына жатады. Осы жеке-жеке ғылым салалаларына арналған термин сөздер кейін ғылым дамығанда қолданыста болғаны сөзсіз.

Бірақ талантты және ерекше адам үшін репрессиядан аулақ болу мүмкін емес еді. Халел Досмұхамедов те қуғын-сүргінге ұшыраған болатын.

Қазір біз өз тарихымызды жалтақсыз зерттеп, тіліміздің, өнеріміздің, рухани мұраларымыздың терең тамырын тануға кірістік. 1994 жылы 23 мамырдағы Министрлер Кабинетінің шешімімен Атырау мемлекеттік университетіне ғұлама ғалым Халел Досмұхамедұлының есімінің берілуі Атырау облысы жұртшылығының мәдени өмірінде ерекше оқиға болды. Халел бабамыздың есімінің ортамызға қайта оралуы, оның жан-жақты сарқылмас ғылыми мұрасын зерделеуге және Халелтану тағылымын терең зерттеуге мүмкіншілік жасады.

Биыл халқымыздың ғылымын дамытуға, тілін сақтауға, тарихын зерттеуге, өнері мен әдебиетін өркендетуге, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын ұйымдастыруға өлшеусіз үлес қосқан, аласапыран жылдарда қазақ елінің болашағын ойлап, өз өмірін құрбан еткен алыптарымыздың қатарында ғұлама ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, педагог, дәрігер, профессор Халел Досмұхамедұлының есімін Атырау университетіне берілгеніне 30 жыл толды.



Ғұлама ғалымның ғылыми мұрасы соңғы жылдары әр қырынан жан-жақты зерттеле бастады. Ғалым еңбектерін зерделеу 1993 жылы Алматыда ҚР Ұлттық ғылым академиясында, сол жылы Атырау мемлекеттік университетінде Халел Досмұхамедұлының туғанына 110 жыл толуына орай өткен ғылыми-теориялық конференциялардан бастау алады.

Міне, осы кезеңнен бастап, республикалық және жергілікті басылымдарда ұлы бабамыздың әртүрлі ғылым саласын дамытуға сіңірген еңбегі мен ғылыми мұрасын жан-жақты зерделеуге



арналған еңбектер мен мақалалар жарық көрді, ұлы ғұламаның ғылыми еңбектері туралы республика көлемінде алғашқы кандидаттық диссертациялар қорғала бастады.

Ғұлама ғалымның мұрасының зерттелуінің бастауы ретінде 1996 жылы «Санат» баспасынан алматылық ғалымдар Қ.Нұрпейісов, М.Құлкенов, Б.Қабжанов, А.Мектеповтердің авторлығымен «Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы» атты тұңғыш жарық көрген ғұмырнамалық еңбеті айта аламыз. 1998 жылы белгілі ғалым Р.Сыздықованың ғылыми жетекшілігімен «Халел Досмұхамедовтың таңдамалы шығармалары» атты ғылыми жинақ дүниеге келді (Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1998).

Халел Досмұхамедұлының жан-жақты ғылым салаларын қамтитын ғылыми мұрасын зерттеуде белгілі ғалымдар З.Қабдолов, М.Қазыбаев, Р.Сыздықова, К.Нұрпейісов, М.Құлкенов, А.Мектепов, Ғ.Анес, Б.Хабжанов, Д.Абдрахимова, Ө.Озғанбай және т.б. авторлармен қатар жергілікті атыраулық зерттеушілеріміз Қ.Б.Сейталиев, А.Ш.Шамғонов, Т.Жаңабаев, Ө.Әлімгереев де бұл бағытта біршама жұмыстар атқарды.

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Халелді тануда және оның

ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеуде және насихаттауда біршама жұмыстар атқарылды.

2000 жылдан бастап, Досмұхамедұлы оқулары екі жылда бір рет дәстүрлі түрде республикалық деңгейде өткізіліп келеді. 2024-шы жылдан бастап Республикалық Досмұхамедов оқулары халықаралық мәртебе алды.

Ғұлама ғалымның ғылыми мұралары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жекеленген кафедралары оқытушы–профессорлар құрамының ғылыми–зерттеу жұмыстарының жоспарларына енгізілді.

2003 жылдан бастап, университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен «Халелтану» курсын университеттің барлық мамандықтарының оқу жоспарына міндетті түрде енгізілді. Кафедра меңгерушісі профессор Қ.Б.Сейталиевтің және педагогика ғылымдарының кандидаты Ғ.Базарғалиевтің құрастыруымен «Халелтану» курсының бағдарламасы мен «Халелтану» оқулығы баспадан 15 б.т. көлемінде жарық көрді.

Қазіргі таңда «Халелтану» ғылыми–зерттеу орталығы өз жұмысын атқаруда. Орталығымызда Х.Досмұхамедұлы мұрасы жөнінде 7 кітап, 10 республикалық–тәжірибелік конференция материалдары жинағы, 200–ге тарта әртүрлі республикалық, облыстық басылымдарда жарық көрген Халелтанушылардың ғылыми мақалаларымен қатар, Өзбекстан Республикалық Орталық мемлекеттік мұрағатынан 200–ге жуық алынған құжаттар жинағы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағатынан алынған 164 мұрағат құжаты, Ұлттық ғылым академиясының сирек кездесетін кітаптар қорынан 1922–1926 жылдары шыққан осы «Халелтану» орталығы арқылы зерттеуші қауымға, ізденуші студенттерге ұсынылып отыр.

2024 жылы 24 сәуірде Теміртау қаласындағы «Тұңғыш Президенттің тарихи–мәдени орталығының» ұйымдастырумен қоғам және мемлекет қайраткері Халел Досмұхамедовке арналған «Алаштың ұлы тұлғасы» атты дөңгелек үстелде Халел мұралары жайында баяндама оқылып, «Халелтану» ғылыми–зерттеу орталығымызға онлайн экскурсия жасап, жәдігерлермен таныстырдық.

2024 жылдың 26 сәуірінде Атырау университеті «Психология және педагогика» кафедрасының

қауымдастырылған профессор м.а., п.ғ.к. Ғабит Базарғалиев Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ұйымдастырған Қазақ білімпаздарының тұңғыш съездіне 100 жыл толуына орай өткен «Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың теориясы мен тәжірибиесі» атты Халықаралық ғылыми–теориялық конференцияның пленарлық отырысына қатысып, «Халел Досмұхамедұлы және Қазақстандағы жоғары білімнің қалыптасып, дамуы» тақырыбында баяндама жасады.

2024 жыл 14–15 мамыр аралығында Қызылқоға аудандық білім беру әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Халел және оның мұрасы» тақырыбындағы 11 сынып түлектері арасындағы ғылыми жобалар байқауына «Психология және педагогика» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., п.ғ.к. Ғабит Базарғалиев қазылар алқасы мүшесі болды. Ғылыми жоба байқауы

қорытындысы бойынша «Халел–лингвист» тақырыбымен Жаңашаруа қазақ орта мектебінің оқушысы Айнелъя Бағытжан I орынды, «Ғасыр ғалымы – Халел Досмұхамедұлы» тақырыбымен Ғ.Сланов атындағы орта мектебінің оқушысы Айбар Нұрнияз II орынды, «Х.Досмұхамедұлы – Мұрат жырларын зерттеуші ғалым» тақырыбымен Б.Аманшин атындағы орта мектебінің оқушысы Фатима Александр III орынды иеленді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, қазақ халқы алдындағы азаматтық парызына өмірінің соңғы сәтіне дейін адал болған Халел бабамыздың рухын қастерлеуді, мұраларын насихаттауды, көпшілік көкейінде зерделеуді ұмытпағанымыз абзал. Сондықтан, халқының жан саулығы мен тән саулығының шипагері, қажымас қайраткері, әмбебап энциклопедист Халел Досмұхамедовтың қоғамдық–саяси қызметтері, мәдени–ағартушылық, тәлім–тәрбиелік көзқарасы, ұстанған идеялық бағыт–бағдарлары бүгінгі өскелең ұрпақтың жадында сақталып қана қоймай, келешектегі игілікті істеріне де өнегелі үрдіс болуы қажет демекпіз.

Регина АНАРБЕК
«Халелтану» ғылыми–зерттеу орталығының жетекшісі



ТӘЛІМГЕРЛІК ЖОБА - ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ИНВЕСТИЦИЯ

Білім саласында тәлімгерлік деген сөз бұрыннан бар, бір мақсатта, бір мағынадағы бұл сөз аясында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 2023–2024 оқу жылында педагогика мамандығы бойынша екі тәлімгерлік жобаны бастады, екеуі де оқу жылы соңында қорытындыланады.

Оның бірі, N41 Әбіш Кекілбайұлы атындағы мектеп-гимназиясымен біріккен «PROF қадам: кураторлық және тәлімгерлік» жобасы; екіншісі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» АҚ «Атырау қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалымен бірлескен «Педагогикалық шеберхана» жобасы. Екеуінің мақсаты бір: болашақ мұғалімнің жеке тәжірибесін зерттеу арқылы оның кәсіби шеберлігінің өсуі мен педагогикалық бастамаларына педагогикалық қолдау көрсетеді. Бірақ жұмыстары әр түрлі.

«PROF қадам: кураторлық және тәлімгерлік» жобасындағы студенттер қазан айынан бастап мектеп өміріне етене араласып кетеді. Екі жақты бірлескен жұмыс жоспары бекітілді. Ол төрт кезеңнен тұрады. Атап айтсам, ұйымдастыру; студентті кураторлық жұмыс үдерісіне жетелеу; бірлесіп сабақ жоспарлау дағдыларын жетілдіру; болашақ маманның сабақ үдерісіндегі не сабақтан тыс жұмысты ұйымдастырудағы өз әрекеттері мен оқушылардың әрекетіне талдау жасау, қорытындылау.

Кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру кеңсесінің жұмыс жоспары аясында өткен бұл жұмыстарға жеке-жеке саралайтын болсақ, «PROF қадам: кураторлық және тәлімгерлік» жобасының әр кезең бойынша түрлі жұмыстармен шаралар уақытында орындалып отырды. Атап айтар болсам, «Болашақ мұғалімдерді кәсіби дамытудағы тәлімгерлік моделі», «Менің мамандығым – менің болашағым», «Жарқын болашақ иесі – менің болашағым» (Біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру), «Критериалды бағалау. Қалыптастырушы бағалау бойынша нұсқау беру жұмысы және онымен танысу», «Сабақтың мақсаты мен оның нәтижесі, оқу мақсаты мен оның сәйкестігі», «Оқытудың бастапқы деңгейінің пәндері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен, жұмыс бағдарламаларымен, оқу жоспарымен танысу», «Бірлесіп сабақ жоспарлау дағдыларын жетілдіру (ҚМЖ)» және басқа да тақырыптарда кәсіби әңгіме, оқыту мен практикалық семинарлар, шебер сыныптар, кеңес беру жұмыс түрлерімен бірге студенттеріміз университеттегі теориялық білімдерін жоба жұмысында практикамен ұштастырып, күнделікті сабаққа қатыса жүріп, ашық сабақтарын да берді. Мектеп басшысы Қайырғали Сүйіндікұлы Азиев жобаға қатысушы студенттердің өте білімді, алғыр екендігін айта отырып, оларға диплом алғаннан соң өз басшылық етіп отырған мектебінде кей мамандық үшін жұмысқа орналасуына мүмкіндік беретіндігін айтып өтті. Дегенмен, таңдау – өздерінде екендігін тілге тиек етті. Мектептің оқу-ісі меңгерушісі Зирагүл Ерталықызы Қанатова жобаға қатысушыларды мақтағаны сонша, осындай жастарымыз барда еліміздің болашағы зор

деген сөзді айтып, көңілімізді қуантып тастады. Тарих пәні мұғалімі мамандығының студенті Тайпақ Абай Абзалұлына ерекше тоқталды. Жоғары сынып оқушыларымен өткізген сабағы ғылыми зерттеу сабағы болды деді. Үлкен ғылыми ортаның маманы деп сол ортаға бейімделуі керек деп ұсыныс та айтты. Жақсы десе жан сүйсінеді. Осындай білім алушыларымызбен Халел университеті мақтанады.

Екінші жоба «Педагогикалық шеберхана» жобасында студенттеріміз 2 ай курс оқыды. Курста «Педагогикалық заманауи тәсілдер», «Оқыту және дамыту психологиясы. Нейропедагогика», «Сыныпты басқару және оқу процесін ұйымдастыру», «Оқытудағы бағалау және кері байланыс», «Білім беру философиясы», «Критериалды бағалау», «Экологиялық білім және

сында оқыған тақырыптары бойынша сұрақтарға жауап берді. Сонымен бірге қорытынды тест тапсырды. Екі жұмыстың нәтижесі бойынша 6 студентіміз 2 және 30 мамырда тағылымдамадан (стажировка) өтеді. Қазбек Ғазизұлы да білім алушыларымыздың теориялық біліміне, креативті ойларына, коммуникациялық дағдыларына ерекше тоқталды. Сонымен бірге тағылымдамадан соң, аталған мектепте жұмысқа қалуға да мүмкіндік беруіміз мүмкін деді.

Кураторлық-тәлімгерлік жоба болашақ жас маманның кәсіби бейімделу процесінің маңызды элементі болып табылады. Жастардың шеберлік тәжірибесін жетілдірудің тиімді тәсілі. Сонымен қатар, бұл процестің пайдасы екі жақты: болашақ жас мұғалім педагогикалық тәжірибесін байытса, ал тәлімгер ұстазы біліктілігі мен кәсіби шеберлігін



тұрақты даму» деген тақырыптармен түрлі талқылаулар, шебер сыныптар мен практикалық жұмыстар болды. Курсты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» АҚ «Атырау қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі директор орынбасары Қазбек Ғазизұлы Каныбеков жүргізді. Курс барысында студенттерімізге курс материалдары қолжетімді болды. Құнды курс болды деп есептеймін. Жобаға қатысушылар курс соңында шағын сабақтар көрсете алды. Шағын сабақты студенттер қазақ және ағылшын тілінде қорғады және курс бары-

арттыра алады, тәжірибелі мұғалім мен жас мұғалім арасындағы тұрақты, нақты диалог қалыптасады.

Осындай жобалар болашақ мамандарымызға кәсіби даму үшін үлкен мүмкіндік. Америка жазушысы, зерттеуші-ғалым Дэвид Майстер жалпы тәлімгерлік туралы былай депті: «Тәлімгерлік – ұйымның дамуына, оның «денсаулығына» қосқан ұзақ мерзімді инвестиция». Біз өз білім алушыларымыз үшін үлкен инвестиция жасадық деп ойлаймыз.

Гүлжан НҰРСҰЛТАНОВА
кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру кеңсесінің жетекшісі

ҚАЙРАТКЕР ҒАЛЫМ ҒИБРАТЫ



«Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі. Қаныш Қазақстан Ғылым академиясының ауқымды қызмет ететін, ғалымдардың барлығына да анық ұстаз, үлгі боларлық білгіш!»

(Мұхтар Әуезов)

Қазақ халқының біртуар перзенті, тағылымы мол талант, ғибрат алар ғалым, дархан дарын иесі – Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың геолог-маман, ғалым ұйымдастырушы және мемлекет қайраткері екендігі шырайлы шындық! Дегенмен академик Сәтбаевтың қияға тартқан өмір жолында осындай сатыларға көтерілуі, оның қайсар азаматтығы мен жоғары адамгершілігінің жемісі деп білеміз.

Қаныш Сәтбаевтың бойындағы сан қырлы адамгершіліктің бір тамыры тұқымында, ата-анасының тәрбиесінде жатса, енді бірі өскен ортаға байланысты, тағы да бір қыры еңбекке араласқандығы, қалай рухани жетілгендігінде болса керек.

Қаныштың әкесі Имантай Сәтбайұлы оқыған, араб, парсы, шағатай тілдерін меңгерген, өте зерек, көкірек көзі ашық адам болған. Міне, осындай өз заманының озық ойлы, зерделі азаматының жат елге аттанар баласына тапсырған аманаты: «Қарағым, қандай ортада жүрсең де, қандай лауазымға ие болсаң да үш қасиеттен жаңылмағайсың: еңбек сүйгіштіктен, қайыбылықтан, адамгершіліктен», – деген өмірлік қағидасы екен.

Ресейден шеткері далалық аймақтан келген қазақ азаматының Сібірдегі Томск институтына оқуға түсуі, ол кез үшін таңғалаларлық оқиға болған. Бұған дәлел Қаныш Имантайұлының курстасы, сол оқу ордасының көрнекті профессоры Л.Л.Товенің ұлы Петр Лововичтің мына бір сөзі: «Бізде жаңа студент пайда болды, ол кім екенін білесіз бе– қырғыз! (қазақ!) Қандай ақылды, қандай зерек, қандай қабілетті десеңізші, бәрін бірден біліп алғысы келіп тұр, оқытушылардың аузынан шыққанын қағып алып отырады», – деп бағалауы Сәтбаевтың білім алудағы қабілеті мен көздеген мақсаты өте жоғары екендігін көрсетеді. Дегенмен, академик Сәтбаев өмір жолындағы өзінің осындай артықшылықтарын ешуақытта марапаттап айтқан да, жазған да емес. Асыл жанның жас кезінен қалыптасқан қарапайымдылығы мен білім жолындағы қайсарлығы қазіргі студенттер үшін өнеге тұтар қасиет.

Мысты өңірдің қазба байлығының мөлшері Қ.И.Сәтбаев басқарған геологтардың қажырлы, тынымсыз еңбегінің арқасында анықталды. Жезқазған өнеркәсібі кешенінің дүниеге келуі – өзінің бар білімін, күш-жігерін, ұйымдастырушылық талантын, анықтауға жұмсаған, Жезқазғанның болашағына сенген Қаныш Имантайұлының есімімен тығыз байланысты. 1928–жылдың 19–қазанында Жезқазған кенінен тұңғыш мыс алынды. 1931–жылы Үлкен Жезқазған комбинатын салу туралы Кеңес үкіметінің шешімі қабылданды.

1934–жылы Мәскеуде КСРО Ғылым Академиясының, КСРО Жоспарлау Комитетінің, «Глацветметтің», ҚаКСР Халық Комиссарлары Кеңесі шешімдерімен

Үлкен Жезқазғанның өзекті мәселелеріне арналған Ғылым Академиясының арнаулы сессиясы болды. Оның жұмысына 57 мекеменің өкілдері, көрнекті ғалымдар т.б. қатысты. Бес күнге созылған сессия мәжілісінде Қаныш Сәтбаев Жезқазған өндірісінің болашағы жөнінде мәселелерге қатысты бес баяндама жасады. Сессияға қатысқан дүние жүзіне белгілі ғалымдар А.Архангельский, В.Обручев, И.Губкин, Б.Веденев және т.б. Қаныш Имантайұлының ғылыми пікірлерін толық қолдады. Бұл Жезқазғанның болашақ тағдырының шешілген сәті болса, сонымен қатар академик Қ.Сәтбаевтың ғылым шыңындағы алғашқы үлкен жеңісі болып саналады.

Қаныш Имантайұлы 1934–жылы желтоқсанда ауыр өнеркәсібі комиссары С.Орджоникидзеде болып, Жезқазғанның болашағы жөніндегі ақиқатқа оның көзін жеткізді. Қазақтан шыққан 35 жастағы кен инженерінің өте терең, дәлелді болжамдарына сенгендіктен әрі шынайы көзі жеткендіктен болар С.Орджоникидzenің Сталинге жолдаған хатындағы: «...еліміздің отандық мысқа деген сұранысын негізінен қанағаттандыру үшін 3–ші бесжылдықтың ішінде басталған құрылыстарды жеделдетумен қатар, екі ірі мыс кәсіпорындарының құрылысын, атап айтқанда, Жезқазған мен Алмалықты бастауымыз керек», – деп жазған сөздері дәлел.

Қ.И.Сәтбаевтың терең экономикалық талдауы нені көрсетті? біріншіден, 1933–жылғы 1–қаңтардағы есептеу бойынша 2,3 млн. тонна мыс қоры бар екендігі анықталды; екіншіден, өндіріске қажетті (қосалқы) қоспалардың шикізат қоры да жеткілікті – атап айтқанда Байқоңыр мен Қияқтының көмірі, сапалы темір-марганец, әктас, кварц-ақтас қоры, Болаттамның пириті, отқа төзімді материалдар т.б.

Осындай жанкешті еңбектің арқасында 1943–жылы 17 шахта және ашық әдіспен игеруге арналған 3 карьері, Қарсақбай зауыты мен Байқоңыр көмір кен орны бар КСРО Түсті металлургия министрлігінің Жезқазған мыс комбинаты құрылды. 1954–жылдың 20–желтоқсанында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Жарлығымен Үлкен Жезқазғанның шағын қалашығы – Жезқазған қаласы болып аталды. Жезқазғанның кендерінде мыспен қатар басқа да элементтер аз емес. Қ.И.Сәтбаев былай деген болатын: «Әрине, Жезқазған кенінде мыс саны басым, дегенмен ол айқын көп металды кеніш және 20 негізгі шашыранды металдарды қамтыды». Жезқазған мыс қорыту зауытында таза мыс өндірумен қатар, аммоний перронатын, күкірт қышқылын, алтын, күмісі мен қорғасы бар тозаңдыны өндіру игерілді. 1995–жылы Жезқазған мыс қорыту зауытында осмий алынып, Жезқазған кен орындарының кенінен металдарды кешенді айыруда жаңа талпыныс жүзеге асырылды. Қазір тұтастай алғанда Сәтбаев сипаттап берген, Жезқазған кендерінде 20 элементтің 14–і Жезқазған концентратымен жұмыс істейтін Жезқазған мыс қорыту зауыты мен басқада зауыттарда алынады.

Қаныш Имантайұлы қазақ халқының тарихын, әдебиеті мен мәдениетін зерттеуде де айта қаларлықтай көп еңбек сіңірді. Ғылым мен білімнің дамуына игі ықпал етті. Қазақ КСР тарихының, қазақ әдебиетінің, көркемөнері тарихының жазылу ісіне белсене араласады. Жұртқа мәлім, Ұлы Отан соғысына дейін қазақ халқының, оның әдебиеті мен мәдениетінің тарихын жазу ісі бастауыш және орта мектептерге

арналған оқу құралдарының көлемінде және жеке авторлардың ісі болып келді. Ал, Қаныш бұл іске ғылыми мән беріп, оны жазу ісіне ғалымдар ұжымын ұйымдастыруға басшылық етті. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Қазақ КСР Ғылым академиясынан Тарих, Тіл және әдебиет институттары құрылды. Сол кезде елімізде 500–ден астам ғылым қызметкері, оның ішінде 54 ғылым докторы, профессор, 140–тан астам ғылым кандидаты, доцент болатын.

Қайраткерлік мұратымен шыңдала түскен Қ.И.Сәтбаев озық студент, білікті маман, ғибарты мол ғалым ғана емес, сонымен бірге кешегі Одақтың экономикасы мен мәдениетіне, оның ішінде ғылымның көптеген салаларында өзінің қомақты үлесін қосқан және беделді пікірі мен батыл ықпалын шет елдерде де таныта білген ұлы тұлға. Қаныш Имантайұлының әріптесі, белгілі академик Д.В.Наливкиннің «Ол ұлан-ғайыр ой-білімнің, ауқымы зор талаптардың адамы болатын. Оны шексіз, шетсіз құпия сырлары бар барша табиғат қызықтыратын. Сондықтан, оған бір ғана қызмет – ғылымға басшылық ету ғана лайық еді», – деп жоғары баға беруі, академиктің қандай жұмысты болса да табанды, табысты атқаратындығының кепілі және оның шығармашылық дарыны мен ақыл-парасатына берілген шынайы баға.

Ғылымның биік шыңына шыққан ғұлама ғалымның тағы бір қыры – өз Отанын, халқын жан-тәнімен сүйіп, бойындағы қажырлы қайрат-жігерін, білімін ел игілігі, ұлт болашағы үшін сарп еткен абзал азаматтығы. Жан-жақты білімдар Қ.Сәтбаев қазақ тарихын, әдебиеті мен өнерін зерттеуге де айтарлықтай көп еңбек сіңірді. «Қазақтың халық театры хақында», «Ән туралы толғаулар», «Қазақ халқының ғылымы мен мәдениеті» және тағы басқа мақалаларында Қаныш Имантайұлы ұлттық өнер мен қазақ фольклорының тамаша табиғатын, өзіндік ерекшеліктерін терең зерттеп, қазақ мәдениетінің сарқылмас мол қазына екендігін біліп және оны игеру жөнінде ауыр да абыройлы талап қойды. Ұлы ғалым 1962–жылы Одақтық үйлестіру Кеңесінде сөйлеген сөзінде: «Шет елдегі реакционерлер «қазақ халқының тарихи мұралары мен ескіден келе жатқан мәдениеті жок, сондықтан өте баяу дамуда», – деген көңілге қонымсыз жалған да, жаулық пікір таратуда. Бірақ, оған есі бар адам сенбек емес. Тарихи факітлер ондай дүмбілез тұжырымды жоққа шығарады» – дей отырып, нақты ғылыми деректер арқылы қазақ мәдениетінің архетиктері көне дәуірден келе жатқанын дәлелдеп, оның материалдық және рухани байлықтарының терең арнасын ашады.

Академик Қ.Сәтбаев геолог-ғалым, Ғылым академиясының тұңғыш президенті ғана емес, сондай-ақ өз халқының өткені, бүгінгі мен болашағын танытуда, дамытуда да тыным таппай тер төккен тарихшы, мәдениет зерттеушісі, өнер қамқоршысы.

«Асыл ақыл-ой – асқақ адамға ғана тән», – деп көрнекті жазушы, Лев Толстой айтқандай, Қаныш Имантайұлының келісті келбеті, заңғар биік, ер тұлғасы, оның асқақ азаматтығын, ғибратты ғалымдығын, асыл адамгершілігін айшықтай түседі. Осы турасында, көрнекті кеңес ғалымы, мемлекет қайраткері В.А.Амбарцумян: «Қаныш Имантайұлы өз өмірін тұтастай ғылымға арнап тұрса да, ол қарапайым адамдармен, өзінің ақыл-кеңесі мен жәрдемін алғысы келгендермен қарым-қатынас жасап тұру үшін әрқашан уақыт таба білетін. Ол өте қарапайым, ақ жүрек жан еді. Оның зор табиғи дарыны ғылым саласында ғана емес, сондай-ақ өзін-өзі тәрбиелеуіне, жетілдіруіне де көмектесті. Сондықтан, мен үшін және көптеген басқалар үшін академик Сәтбаев әрқашан үлгі алар тұлға болып қалады», – деп ағынан жарылған болатын.

Қазақтың дауылпаз, абыз ақыны Хамит Ерғалиев қайраткер, ғалым Қаныш ағасы хақында:

«Құдайлығын тіріде құндайды алып, Бұл дүниеде қалыпты кім байланып. Данышпанның талайы тасқа айналса, – Біздің ағай ұшып жүр Күнді айналып» – деп жырлаған болатын. Шынында да, Қаныш Имантайұлының жұлдызы қашанда жоғары! КСРО-ның еңбек сіңірген астроном ғалымы Николай Черных қазақтың атақты геологы Қаныш Сәтбаевтың құрметіне 1979–жылдың 31–шілде күні ашқан ғаламшарына (астероид, кіші планета) оның есімін берді.

Кендігі мен кемеңгерлігі, білімі мен ілімі тең келген, барлық адам баласын ұлтына, ұлысына, лауазымына қарай бөлмей – тең көрген, адамгершілігі асқақ академик Қаныш Сәтбаевтың ұлылығы өскелең ұрпаққа үлгі, өнеге болмақ!

Айдар САБИРОВ
Халел Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті,
психология және педагогика
кафедрасының доценті

ҰСТАЗҒА ТАҒЗЫМ

Атырау қаласының құрметті азаматы, Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз, әдебиетші ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Сабыр Қазыбайұлы биыл 110 мерейжасқа жасқа келмекші. Ұлағатты ұстаз Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті сынды қара шаңырақта қырық жылдай еңбек етіп, қазақ тілі мен әдебиеті саласында мыңдаған шәкірт даярлады.

Ұлттық сөз өнері тарихының өзіндік сара жолының дамуы бастауында орын алған әдебиетші-ғалымдардың қатары таудың биік шыңдарындай болып көрінетіні бесенеден белгілі. Себебі, төл әдебиетімізді қалыптастырған жыраулардың желілі жырларды суырып салма дәстүрде толғанып, қадір тұтқан поэзиялық мұра мақсатында биіктікке көтерген сол өнер иелері болатын. Ал өнердің шыңы саналынған толғау жанрының ізгілік пен инабат, тәрбие мен тағылымды дарытып, халықтың болашағына жол сілтер игілікті парасат жолындағы асыл сөз иелері жыраулардың толғауларын зерттеу, оқыту жолында өзіндік жолы сараланған ұстаз-ғалымның еңбегі бір төбе-ақ.

Қазақ елінің қай аймағы болмасын ұлтымыздың өркендеуі жолында тағылымды тарихымен, қасиетті де қазыналы құндылықтары сипатында киелілікке кемел екені белгілі. Ал сол рухани кемелділікті жыл сайын жаңғырумен жаңартып «жорық жолында» және «жүйріктігінде жорғаға жеткізбес» өлкеміздің өркендеуіне елеулі үлесі ерекшеленейін, «жақсының аты» ретінде қадірі мен қасиеті жоғары ардақты азаматтар деп түйсінеміз.

«Айналайын, Ақ Жайық» деп толғанған Доспамбеттің сағынышқа толы ізгі тілекті арман жырындай өлкеміздің әдеби-шежірелі өмірінде даңғыл жол қалдырған, ғибратты ғұмырының едәуір жылдарын халық ағарту саласында ұрпақ тәрбиесіне арнаған, қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі және бірегейі – майдан-гер ұстаз, әдіскер-ғалым, әдебиет тарихын өзіндік тәжірибелік тағылымында зерделі ойын танытқан «табаны таппақ тарланбоз» зерттеушісі Сабыр Қазыбайұлы.

Ғылыми-әдеби еңбегі, өмір жолы өзінен кейінгілерге өнеге, халық қазынасынан, даналық тағылымдарын ел игілігіне айналдыру мұратына алдыңғы аға буын зерттеушілер әулетіне шын мәнінде ізбасар-сүйеніш бола білген, тип-тыныш тындырған ісі замандастарын қуантар ырысты қалам иелерінің бірі – Сабыр Қазыбайұлы.

Ойлы көкірек, атамекен қойнауы жылдар жотасымен көлегейлей, әр тұстарда сұқ пейіл, сұғанақ көздерден мейлінше құпия сақтаған қырау рухани байлықты – біразымыз күні кешеге дейін есімдері мен азын-аулақ жыр толғаныстарын ғана еміс-еміс естігеніміз болмаса, жете біле бермейтін айтулы ақын – жыраулардың өлмес мұраларын – теңіз тұңғиығынан інжу-маржан сүзгендей ғұмыр бақи тынымсыз ізденіп, ұрпақ жадында қайта тірілткен осынау еңбекқор жанның жаратылысы қашан да қызыға, құрметпен қарауға лайық.

Ғалым Алаш ардақтыларының сарқытындай ұлттық әдебиеттану жолында зерттеушіге тән тиянақтылығын байқататын бір көрінісі өмірбаянын нақтылап өзінің жазып беруінде жатқандығын түйсінеміз. С.Қазыбайұлының өз қолымен жазылған өмірбаян беттеріне тоқталсақ, 1914 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданының Тоғызыншы ауылында дүниеге келген. Қарапайым малшының отбасында дүниеге келгенімен, жастайынан білімге ынтызар болып өсіп, алдымен ауылдық мектепте кейін, аудан орталығындағы оқу орындарында бастауыш мектепті аяқтайды.

Өткен ғасырдың бас кезіндегі ұлтымыздың басына түскен нәубет Қазыбайдың отбасына да кері әсерін тигізеді. Алдымен ашыршылық, одан соңғы асыра сілтеудің ызғарлы лебі аз-кем шаруасы бар отбасына қырсығын тигізіп қана қоймай, М.Мөңкеұлы айтқандай «елден ауа кешу» кезеңіне тап келгендей. Сонау Орхон ескерткіштерінен нәре алған түркі жұртының жаугершілік ауыр кезеңіне орай ұлтымыздың киелі саны – санына жеті байланыстыра беруі М.Мөңкеұлының тарихпен байланыстыра бергенінен де хабардар боламыз. Сол жеті санына орай ісі байтақ қазақ жұртына келген жорықшы аузы түкті кәуірлердің, шошақ қалпақты қалмақтардың жан аямас тепкісінен аман қалған қасиетті жердің, ары мен намысы биік батырлары қорғаған, ауыздыға сөз бермейтін, қасиеттілігі мен суырыпсалмалалығының қасиеті көкке қарататын бидеріміздің қадір-қасиеті арқасында қайтарып алған кең жеріміз енді ісі қазағымызға бұйырмайын дегені ме деген ішкі наласы да қатар қозғалады. Ақыры қазақтың басына түскен ауыртпалық Тайсойған өңіріне де ылаңын тигізіп, ел аяғы жеткен жерге бытырай бастаған-ды.

Осы ауыртпалық тұста Қазыбайдың отбасы көрші ел қаласы – Орынборға барып, қара жұмыс істеп, жан сауғалайды. Отызыншы жылдың орта тұсында



елге оралып, С.Қазыбайұлы ұстаздықтың алғашқы баспалдағы Гурьев педтехникумының жанынан ашылған педагогтік курсқа қабылданады. Алғаш рет тәрбие, білім, оқушы сынды болашағына ізгі жол салдырған ұстаздықтың тағылымды соқпағы осылай басталған-ды.

1936 жылы жоғарыда аталған курсты тәмамдаған соң С.Қазыбайұлы туған жеріне жақын орналасқан аудан Мақат ауданының Доссор промсолының орта мектебіне мұғалім қызметіне жұмысқа тұрады. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы ақынымыз Абай айтқандай, туған жеріне зарыға жеткен жас жігіт қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп, ұлтымыздың ұрпақты тәрбиелеудегі мұнарасына кірпіш болып қаланған-ды. Ол кезеңде бір жерде үш-төрт жылдан артық жұмыс істетпей, білімі мен білігі жоғары мұғалімдерді тәжірибесін кеңінен тарату мақсатында мектептен-мектепке ауыстырып отыру үрдісі болған. Осыған орай 1939 жылдың алғашқы қоңырауын С.Қазыбайұлы Мақат ауданының Ақшелек бастауыш орта мектебінде қағып, жаңа ортаға сіңісіп кетеді.

Көп ұзамай тұтқиылдан басталған соғыс өрті ұстаздың өмірін шарпып, өз еркімен сұранып майданға аттанады. Ұлы Отан соғысынан ауыр жараланып, 1943 жылы елге оралады да сол Ақшелек орта мектебінде әрі мұғалім, әрі мектеп меңгерушісі қызметтерін қоса атқарады.

Сонау жылдары жас маман болып басталған соқпақ жол, кең даланың ірі ноқатындай қара жолға айналып, С.Қазыбайұлының ұстаздық жолы әдістемелік тұрғысын да өнегелі маманға айналдыра бастаған еді. Осы себепті ұстаздықтың ізгі жолы облыс орталығында жалғасын табады. 1944 жылы қазіргі Атырау қаласындағы N5 мектепке ауысып, қазақ тілі және әдебиеті мамандығының мұғалімі болып, бастауыштан басталған баталы жол, ұлтымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін ту еткен қазақ әдебиеті мен ғасырлардан нәрлі де әсемдігімен адамның ары болған тілімізден сабақ беруді бастайды.

Оқыту ісінде әдістемелік қырымен кеңінен танылған маман Жамбыл және Орджоникидзе атындағы мектептерде ізгілікті ізін жалғастырып, тәрбие мен оқытудың егіз жолын бірлестіре ұстап, келешек ұрпаққа тәлім беруде алдыңғы орындардан көрінеді.

Елуінші жылдардың орта тұсынан бастап ұстаздың тәрбиелік қыры ерекше бағалауға лайық деп танылған сипатқа орай Атырау қаласындағы N1 мектеп-интернатқа жұмысқа орналасады. Аталған мектеп-интернат ата-аналарының қамқорлығынсыз тәрбиелеудегі балалар оқитын мекеме болатын. Мұнда оқытудан гөрі жан жылуы басты орында тұру қажет болатын. Кейін осы интернатта басшы қызметіне дейін көтеріледі.

С.Қазыбайұлы жетім балаларды оқытып, тәрбиелеп қана қоймай, ертеңіне нық басатын маман болуға да тәрбиелеп, «Жетім көрсен, жебей жүр» деген ұлтымыздың текті ой оралымын жан-жақты орындаған ұлы ұстаз бола білді.

Аталмыш мектеп-интернат кейіннен С.Қазыбайұлы есімін иеленіп, ұстаздың ар алдындағы жан жылулығын, тәрбие тағылымын әр тәрбиеленушісінің бойына сіңіруге тырысты.

1960 жылдан бастап С.Қазыбайұлы оқыту ісіндегі тәлімдік тәрбиесін болашақ мұғалім мамандарды тәрбиелеу жолына арнау мақсатында, қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік

университетіне қызметке шақырылады. Облыс орталығындағы білім мен тәрбиенің қара шаңырағына айналған оқу орнында С.Қазыбайұлы қырық жылға жуық қызмет атқарады. Қара шаңырақта оқытушылық қызметтен бастап, кафедра меңгерушісі, декан сынды басшы қызметтердің де тізгінін ұстады.

С.Қазыбайұлының ерен еңбегі ұмытылмай, ұстаздық тағылымына орай марапатталып та отырды. 1957 жылы 6 қарашада Қазақ ССР Жоғарғы Кеңес Президиумының 31 қазандағы Жарлығына орай «Қазақ ССР-інің Еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» атағы беріледі. Небәрі жиырма екі жасында басталған ұстаздық жолына берілген 1980 жылы ұстаздықтың биік шыңы болып саналатын «КСРО ағарту ісінің үздігі» төсбелігімен марапатталады. Бұдан өзге «Ленин» ордені, «Ы.Алтынсарин», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен әр жылдары білім мен тәрбие ісіндегі ерен еңбегі жолында ие болады.

С.Қазыбайұлы тәрбие мен оқытуды қатар алып қана қоймай ғылыми ортаға енгеннен кейін зерттеушілікке ден қояды. Арада қызметке орналасқанына тоғыз жыл өткен соң, яғни 1969 жылдың 29 сәуірінде кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады.

С.Қазыбайұлы қазақ әдебиеті тарихына ерекше еңбек сіңірген ғалым еді. Айқайлап алға шықпай-ақ, кеуде кермей-ақ «ақырын жүріп, анық басып, еңбегін далаға жібермеген» зиялы болатын. Өмір бойы бір тынбай, бейне бал жинаған бейнеткеш арадай ғұмыр кешті. «Ешкімге еңбегін бұлдамай, әркімге көзін саппай, әдебиетті ардың ісі деп бағалап, сол ардың ісіне кірпіктей қылау түсірмей, өзінің азаматтық болмысының ақ парағын шимай-шатпаққа былғамай еңбек етті. «Ол ғылым кандидаты болса да, ғылым докторлары қаймығатындай іс тындырды».

Қазақ даласының сан қиырындағы саңлақ сөз жүйріктерінің туындыларын талмай іздеп, тап-жылмай зерделеп, тарих шаңы мен кеңестік кіреукеден тазартып, ақықтай айбаттандырып, жақұттай әйбаттандырып, қылыштай қайраттандырып халқының қазына-қоржынына олжа салумен болды. Оның қаламынан туған ғылыми еңбектер «мен Сабыр Қазыбайұлының қолынан шыққанмын» деп ұстазға тән тәлімі мен тәрбиесі әр шәкіртің туған елі мен жерін қадірлеуге жол салып тұратын. Зерделі, зейінді пікірлері орайын тауып, әдебиет сарайының кетігін тауып қаланып, «мен де бір кірпіш дүниеге» ұғымына адалдығын танытатын.

С.Қазыбайұлы Батыс өңірінде алғашқылардың бірі болып жергілікті ақын-жыраулардың әдеби мұрасы төңірегінде әңгіме қозғап, газет, журнал беттерінде әрдайым ел аузынан жинап, жазып алған, тарихи әдеби шежірелердің де жоқтаушысы бола білді. Жергілікті ақын-жыраулар шығармашылығына қатысты ғылыми-танымдық еңбектер сараланғанда оның осы еңбектері зерттеуші ғалымдардың атап айтқанда, Батыс өлкесін зерттеушілер Қ.Сыдықұлының, Б.Омаровтың, З.Серікқалиевтің жоғары бағасын алды.

Тарихи фактілер мен ел аузындағы аңыз-әпсаналарды талдау тұрғысында ол келтіретін мысалдар қашанда деректік-дәйектік жағынан қамшы салдырмайды. Ғалымның қаламынан туған «ХУ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихы (Жыраулар поэзиясы)» (2004.), «Әдебиет туралы толғаныстар» (2014) атты монографиялар мен зерттеулер, сонымен қатар, «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті», «ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары», «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы», «ХV-ХVІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы» секілді ұжымдық зерттеу еңбектеріндегі көтерілген мәселелерге орай ғылыми талдамалық мақалалары зерттеу нысанын терең танумен, талдаумен, зерделеумен ерекшеленеді.

С.Қазыбайұлының еңбектерін жинақтап, баспаға шығару жолында шәкірті Қадыр Өтегенұлының орны ерекше деп айрықша атауға тура келеді. Ұстазға құрметін шәкірттік парызбен орындап шықты.

Парсатты педагогикалық жолының қазақ әдебиеті тарихының танымындағы ғылыми көзқарасы негізінен көп жылдар дәріс оқыған саласы – ХV-ХVІІІ ғасырлар әдебиеті, яғни жыраулар поэзиясына қатысты шоғырланады. Кезең әдебиеті тарихына сай танымды тағылым беру нәтижесіндегі еңбектері ұстаздың толымды тәжірибесінің ғылыми мектепке ұласар жолы іспеттес болатын.

С.Қазыбайұлының педагогикалық пайымды тәрбиелік тәлімі ғана ғана емес, Атырау қаласының Құрметті Азаматы және ҰОС-ының ардагері сынды тағылымды жолы да ізгілікке бастайтыны сөзсіз.

Гүлзира АЯПОВА, шәкірті Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., филология ғылымдарының кандидаты

Келешекі Кемел



«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» – деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, ешбір заманға сай технология ұстазды алмастыра алмайды. Қанша ғасыр өтсе де ұстаздың аты және «ұстаз» деген ұғым өлген емес. Сондықтан қолға қалам алғызған, білімді де білікті ұстаздардың орны ерекше. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жанынан құрылған дарынды балаларға арналған «Ұстаз» мектеп-интернаты – елімізде аналогы жоқ, ер балаларға арналған мектеп-интернаты. Университет басқарма төрағасы-ректор Идрисов Саламат Нұрмұханұлының бастамасымен облыстағы шалғай елді мекендер мен ауылдардың дарынды ер балалары бір мектепте бас қосты.

Биылғы оқу жылын 42 оқушы аяқтап жатыр. Түлектердің арасынан 6 оқушы «Алтын белгіге» үміткер және «Үздік аттестатқа» лайықты деп танылған. Ашылғанына көп уақыт өтпесе де, мектеп ұжымы сапалы да, дарынды оқушыларды тәрбиелеуде. Білім ордасының директоры жаңашыл ұстаз Қайшығұлова Жанна Тілеуқызы. Мектеп басшысымен оқу жылын қорытындылар тұста арнайы сұхбат құрған едік.

– Жанна Тілеуқызы айтыңызшы жалпы мектептің негізгі миссиясы мен ерекшелігі қандай?

– Мектептің миссиясы шынайы сауаттылық, бұл өмірді білу, таңдаған мамандықты терең меңгеру, өмірлік сұраныстарға жауап беретін қабілетті тұлғаларды қалыптастыру. Біздің басты мақсатымыз – іскерлік және ғылыми сауаттылық негізінде әр оқушыға кешенді оқу әрекеттерін меңгертіп, оқушылардың қабілеті мен міндеттерін және әлеуетін ескере отырып, оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, тәрбиелеу, ойлау қабілеті жоғары болашақ студент дайындау. «Ұстаз» мектеп-интернатының бірден бір мақсаты – Атырау өңіріндегі білім саласындағы кадр тапшылығын жою, білім сапасын арттыру, ер балаларды мектеп жағынан мұғалімдік мамандығына қызығушылығын арттырып, ұлттық педагогикамызда ерлердің маңыздылығы мен мәртебесін көтеру арқылы үлкен мақсатқа қол жеткізу. Мектеп-интернат ауылдық жерлерден келген ер балаларға арналған және де ерешелігі Қазақстанда тұңғыш рет ашылды. Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттары бойынша терең оқытады, арнайы әдістемелермен ҰБТ-ға тегін дайындық, мамандық таңдауда кәсіби бағдар беру, оқушыларға ұстаз болуға байланысты қосымша дағдыларды меңгерту, шет тілін меңгеру үшін тегін курстар ұйымдастырады, әр оқушының спорттың бірнеше түрімен айналысуына мүмкіндік алады. Осылайша, мектеп мұғалімдерінің жалпы санындағы ер адамдардың үлесін арттыру көзделіп отыр. Бастысы балалар мұғалімдіктің қыр-сырын меңгеріп шығады.

– Оқушылардың білім сапасын арттыруда қандай шаралар қолға алынуда?

– Білікті ұстаз – сапалы білім негізі екені айқын. Сондықтан біздің шәкірттер тәжірибелі мамандардан сабақ алады. Болашақ ұстаздарды тәрбиелеп отырған соң, олардың ішкі мәдениетінен бастап, сыртқы ортада өзін-өзі ұстауы, оқу сауаттылығы мен таным көкжиегі, жан-жақтылығы мен таланты бәрі-бәрі өте маңызды. Сондықтан білім берумен шектелмей, түрлі байқауларда бақ сынатып, оқушылардың жан жақты жетілуіне мүмкіндік береміз. Оған қоса, Атырау университетінің базасында оқу-зертханалық сабақтар, спорттық үйірмелер, тәрбиелік шаралар бірлесе өткізіледі. Заманауи жабдықталған жатақхана, 5 мезгіл тамақтанумен қамтылған. Бұл да оқушының алаңдамай оқуы үшін жасалған игілік. Мектепте педагог мамандығын дәріптеу мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады. Мектеп түлектерімен тығыз байланыс та орнатылған.

– Өткен жылға көз жүгіртсек, мектеп жетістігі қандай?

– Мектеп республиканың білім кеңістігінде өзіндік орны бар білім ордасына айналып отыр. Үш жылдың ішінде оқушылар толағай табыстарға жетіп, білім сапасы мен деңгейін көтеруде. Атап айтсақ, 2021-2022 оқу жылында 38 оқушы мектепті тәмамдады, оның ішінде 8 оқушы алтын белгі иегері, 2 оқушы үздік аттестат иегері. Бітіруші 38 түлектің 24-і мемлекеттік грантты иеленді, бұл 63%-ды құрайды, педагогикалық мамандыққа түскендер 30 түлек, оның ішінде грантқа түскен 20 түлек. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетін таңдаған түлектер саны-16, оның ішінде 6 оқушы грант иегері, 10 түлек ақылы түрде оқиды. 2022-2023 оқу жылы 35 түлек мектеп бітірді. Осы оқу жылында 2 оқушы республикалық олимпиадада бас жүлде «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауынан Исаш Бексұлтан және 3-орынды тарихтан олимпиадада Мажит Рашид иеленіп, облыстың намысын қорғады. Сонымен қатар, «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының республикалық кезеңінде 4 оқушы 1 және 3-орындарды және облыстық жарыстарда 12 оқушы 1,2,3-орындарды иеленіп, 11 оқушыға алғыс хаттар тапсырылды. Ал, өткен жылы мектепті бітірген 35 оқушының 30-ы (85,7%) білім гранты иегері атанып отыр. Оның 21-і (17-сі грант, 4-ақылы) педагог мамандыққа түсті. 2023 жылды Алтын белгімен бітірген бір оқушы болды: Амандық Тоғызбайұлы, қазіргі таңда Сүлеймен Демирель



Білім ұясы

университетінің студенті, грант иегері, болашақ тарих пәнінің мұғалімі. Амандық Тоғызбайұлын мақтап, мектепте алған білімі мен тәрбиелілігі үшін Сүлеймен Демирель университетінің ректорының атынан «Ұстаз» мектебіне алғыс хат жолданған. Бір оқушы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне грантқа тарих мамандығы бойынша оқуға түссе, Әлішер Егізбай тарихшылардың туын ұстап көтеру және барша студенттердің атынан Университеттің мінбесінен сөз сөйлеу мәртебесіне ие болды.

- Ал, биылғы көрсеткіш қалай, оқушылардың жетістіктері де аз емес болар?

- Мектеп республиканың білім кеңістігінде өзіндік орны бар, ұлттық дәстүрлерді ұстайтын білім ордасына айналуы, шығармашылық, достық жауапкершілік пен қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру да бір мақсат. Білім ошағының республикамыз бойынша осы бағытта алғашқы болып ашылған теңдесі жоқ оқу орны екендігі. Қазір мектеп ұжымы міндет биігі мен уақыт талабынан көрінуге жұмыстанып, нәтижелі іс қылуда. Осыған орай жетістіктеріміз де аз емес. 2024 жылдың түлектері 2023 жылы Исаш Бексұлтан «Мәшһүр Жүсіп оқулары» республикалық сайыста гран-приді алса, биылғы оқу жылында Машит Рашид тарих пәнінен республикалық олимпиадада еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 45 оқушының арасынан 2-орынды иеленді. Қыркүйек айынан бастап облыстық олимпиада 5 оқушы (Төлегенов Ислам-2 орын, Құлжан Өркен-2-орын, Жанәліұлы Аят-3-орын, Мажит Рашид -2 орын, Исаш Бексұлтан-3 орын) 2,3-орындарды иеленді. Мақсат Айназар жаратылыстану-математика пәндері бойынша 16 президенттік олимпиаданың 1 кезеңде (өңірлік) 2-орынды, «Эссе жазу», «Көркемсөз оқу», «Менің кіші Отанымның болашағы», «Ұлы арман», «Біз неткен ер, неткен ер?...», «Ел құтқарар ер едім...» жарыстардың облыстық кезеңдерінде 1-3 орынды 7 оқушы иеленді. «Жыр алыбы - Жамбыл» облыстық сайыстағы қайым айтыста Айболат Айбек 2-орынды еншіледі. Жалпы саны «Ұстаз» мектебінің оқушылары облыстық сайыстарда 26 оқушы 2-3 орындарды иеленген болатын. Атап айтсақ, облыстық «Ақберен» өнер байқауы, облыстық «Махамбет оқулары», «Мұқағали Мақатаев оқулары», «Мәшһүр Жүсіп оқулары» және «Менің кіші отаным» облыстық сайыста, облыстық «Жарқын болашақ» қазақ тілінен олимпиадада, «Жыл алыбы-Жамбыл» сайысы мен облыстық пән олимпиадасында, оған қоса Х.Досмұхамедов пәндік олимпиадасы мен Президенттік олимпиада және облыстық «Қ.Сәтпаев және бүгінгі Қазақстан» тақырыбындағы шығармалар конкурстарында оқушыларымыз бақ сынап, жүлделі орындарды қанжығаға байлап, мектеп абыройын асақтап жүр. Айта кететін тағы бір жайт, ашылғаны кеше болса да, өзінің орнын алған мектеп болды. Оған куә: Мектептің 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша облысымыздағы дарынды балаларға арналған мектептердің ішінен 3-орынды иеленуі.

- Мамандық таңдау - жауапты іс. Биылғы мектеп түлектеріңіз қандай мамандықты көп таңдады және мамандық таңдауға байланысты өз ойыңызды білдірсеңіз?

- Жыл сайын мектеп түлектері республикамыздағы ең беделді 9 жоғары оқу орнына түседі. Сонымен қатар әр жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне педагог мамандықтарына ақылы түрде түскен түлектерге басқарма шешімен оқу ақысына 50% жеңілдіктер беріліп отыр. 2023-2024 оқу жылына ақылыға түскен 3 түлекке 50% жеңілдік берілді. Біздің мектеп болашақ ұстаздарды дайындайтын орда болғаннан соң, оқушылардың көпшілігі осы мамандықты таңдайды. Әрине мамандық таңдауда әрбір мұғалім оқушыға оның қабілеті мен ерекшелігін ескере отырып, біліміне көз жүгіртіп, бағыт-бағдар береді. Себебі әрбір жас түлек мамандық таңдаудан қателеспеген жөн. Биылғы түлектердің ішінен қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, химия, биология, физика, математика, информатика секілді пәндер бойынша мұғалімдікті таңдап отыр. Физика, математика, тарих пәндері бойынша таңдау да басым. Ертеңгі күні мемлекеттік білім грантына құжат тапсыру кезінде әр баламен, олардың ата-аналарымен жеке-жеке отырып, анализ жасай отырып, құжаттарды бірге тапсырамыз. Бұл біздің мектепте қалыптасқан дәстүр. Түлектердің грантқа ие болғанын көру, есту үлкен бақыт. Ата-аналарының бізге беріп жатырған баталарының өзі неге тұрады.

Мамандық таңдау - тек оқу мен диплом алу ғана емес, бұл - өз өмір жолыңды дұрыс таңдау. Сондықтан болашаққа қадам басар кезде талапкердің де, ата-ананың да «жеті рет өлшеп, бір рет кескені» абзал. Осы орайда «Ұстаз» мектебінің ержүректі де білімді ұлдары өз жолын айқын білуде. Мектептен түлеп ұшарда олар болашаққа бағдар жасай алатын, жасампаз тұлға боларына сенімді мол.

- Сұхбаттасқаныңызға рақмет!

Сұхбаттасқан: Жайна МӘЛІМҚОЖА



РУХЫ БИІК БЕРДИЕВ



Сталиндік кезеңдегі жаппай саяси қуғын-сүргін бүкіл елге үлкен нәубет әкелді. НКВД және ГУЛАГ қапастарында ешқандай жазығы жоқ миллиондаған адамдар опат болды. Сталиндік қуғын-сүргін миллиондаған адамдардың өмірін қиды, Тәуелсіздік жылдарында 31-мамыр күні біз олардың рухтары алдында бастарымызды иіп, осы адамдардың туыстарымен бірге қайғы-қасірет сезімдерін бөлісеміз.

1920–1950 жылдары, әсіресе 1937 жылы Қазақстанда көрнекті саяси және қоғам қайраткерлеріне қарсы жаппай саяси қуғын-сүргін белең алды. Олардың арасында біздің жерлестеріміз де болған. Мысалы, Б.Айтмағамбетов – Қазақстанның бұрынғы Әділет министрі, М.Н.Әубекіров – Батыс Қазақстан облысы Фурманов (қазіргі Жалпақтал) аудандық партия комитетінің хатшысы, Х.Досмұхамедов – профессор, дәрігер, М.Елеусінов – 1930 жылы Гурьев қаласының прокуроры, кейін Оңтүстік Қазақстан облысы Сарысу ауданының прокуроры, А.Құлбасов – Теңіз (қазіргі Құрманғазы) ауданының прокуроры, Х.Ақботин – Гурьев облыстық партия комитеті хатшысы, С.Қаратілеуов – Алматы облысындағы Дегерес жылқы зауытының директоры және т.б.

Сол зұлмат жылдары жалған жаланың құрбаны болғандырдың бірі – Ж.Н.Бердиев. Жәнібек Нұржанұлы Бердиев 1926 жылы Астрахан облысы, Камызак ауданы, Жетішоқы ауылдық кеңесінде дүниеге келді. Атасы Ақжол 1836–1838 жылдардағы Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысып, көтеріліс сәтсіз аяқталған соң бой тасалап Астрахандағы Нариманов ауданындағы «Фунтово» поселкесін паналайды, сондағы тілі бір туыстас ноғай байының қолында бала болады. Соның шаруашылығын жүргізеді. Кейін ноғай байы өлген соң, оның бар мал-мүлкі оған қалып, «бай» болып қалады. 1930 жылы кәмпескеге ұшырап, атасынан қалған бар үй-жай, мал-мүлкінен айырылған әкесі Нұржан жанұясын бір түнде алып Гурьевке (қазіргі Атырау) жасырын көшіп кетеді. Бала Жәнібек 1935 жылы мектеп табалдырғын атайды. 1941 жылы Гурьев қаласындағы Жамбыл атындағы мектептің VII орыс сыныбын аяқтады. Мектепте жақсы оқып, үлгілі тәртібімен көзге түскен оқушылардың бірі. Атырау қалалық мемлекеттік архиві қорында оқушы Ж.Бердиевтің 17 желтоқсан 1938 жылы неміс тілі пәнінен жазған диктанты сақталған және аталған пәнді ауызша «жақсы» және жазбаша «өте жақсы» деген бағаға тапсырғаны туралы құжат та бар (Атырау қалалық мемлекеттік архиві, 149-қор, 1-тізім, 16 а іс).

Жеті сыныптық білімі бар Жәнібек қаладағы педагогикалық училищесіне оқуға түседі. Оқып жүргенде Жәнібек Нұржанұлы педучилищенің комсомол жастар ұйымының хатшысы, сыныптың страсотсы, оқу үздігі және Лениндік шәкіртақы иегері болған.

Соғыстың қызып тұрған шағы 1943 жылдың 20 қаңтар күні үйінде қаннен-қаперсіз шырты ұйқыда жатқан Жәнібекті Гурьев облысы НКВД басқармасының қызметкерлері түнгі сағат 3-те тұтқынға алады. Олар прокурордың тұтқынға алу мен тінту ордерін көрсетіп, үйдің ішін астан-кестенің шығарып тінтіп шығады. Суыт келген НКВД қызметкерлері оны Гурьев түрмесіне қамайды. Азапты күндер басталды. Қаһарлы орган қарапайым педучилищенің оқушысын не үшін қамауға алды, қандай қылмысы үшін... Сұрақ көп, жауап жоқ еді. Бір-ақ күнде бозбала Жәнібек халық жауы болды да шықты. Бір жанұя қара жамылды. НКВД органы масайрады. Алапат соғысты бастан кешіп жатқан кеңестік жүйеге қарсы болған тағы бір қауіпті «халық жауын» әшкерледі. Ол әлі 17 жасқа да жетпеген Ж.Бердиев болатын.

НКВД түрмесінде сұрақ алу түнгі сағат 12-де баста-

лып, таңғы сағат 6-да аяқталды. Аяусыз ұрып-соғуға жол берілді. Қуғын-сүргін құрбаны, марқұм Жәнібек Нұржанұы өз естелігінде былай дейді: «Үйімді тінтіп болған соң, қолыма кісен салып, халық арасында «қара қарға» атанған машинаға отырғызды. Жолда менің қалтама жыртылған 3 сом ақша салған кезде, «неліктен салдыңдар» деп сұрадым. НКВД қызметкерлері «бұл сенің сұрайтын шаруаң емес, біз сенімен НКВД жертөлесінде айналысамыз» деді. Мені облыстық НКВД басқармасының жертөлесіне әкелген кезде, екі адам яғни куәгерлер сол жерде отырды, мені тінту кезінде жыртылған 3 сомды тапты да, оны тергеу қағазының парағына затай дәлел ретінде тіркеді. Менен екі тергеуші жауап алды. Бірі украин, ал екіншісі қазақ еді. Олар менен алты ай бойы күн сайын дерлік істемеген қылмысымды мойындауымды талап етті».

Тергеу үздіксіз 6 айға созылған. Бозбала Жәнібекке РКФСР Қылмыстық кодексінің 58 бабы 8-ші тармағы бойынша (терракт) және 58 баптың 10-шы тармағы «Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген» деген қылмыстық айып тағылды. «Халық көсемі Сталиннің портретін жыртың, кеңестік 3 сом ақшаны жыртып, Кеңес үкіметін құлатуға шақырдың» деген жала жазылды. Өкінішке қарай, бұл жалған жала арызды өзімен бірге оқыған курстастары Е.Дәулетов пен Қ.Жұмиев 1943 жылдың 12 қаңтар күні НКВД басқармасына жазған. Е.Дәуленов армия қатарына алынып, майдан даласына жетпей жолда эшелонды жау бомбалағанда қаза тапса, Қ.Жұмиев Балықшыға қарай жолға шығып, боранда адасып, үсіп өліп тұз тағысы қасқырға жем болған екен.

1943 жылдың 10 шілдесінде Оңтүстік Орал әскери округі трибуналының соты айыптау үкімін шығарды. Үкім бойынша ол 8 жылға сотталды. Бұл күнді Ж.Бердиев былайша еске алады: «Қала түрмесінің алдына көптеген адамдар келді, олар төс тақтайшасы мойынына ілінген тірі «халық жауын» өз көздерімен көргісі келіп жиналды. Мені наған ұстаған офицер және қолдарында винтовкалары, жетектерінде овчарка иттері бар үш солдат алып жүрді, халық сотқа дейін еріп барды. Мені жабық сотта 4 офицер (майор, капитан, аға лейтенант, лейтенант) куәгерлерсіз соттады».

Жазасын қазіргі Авангард шағын ауданында орналасқан (қазіргі «Көктем» базары) саяси тұтқындарға арналған «Астраханлагта» өтеді. Мұндай лагерьлер сол уақытта Кеңестер Одағында 180 болса, облыста «Астраханлаг» пен «Прорва-лаг» лагерьлері болды. Лагерьде Каспий теңізіндегі «Новинск» аралында балық аулау жұмысында аспаз болды. Еңбекпен түзету лагерінің небір қиыншылықтарын басынан өткеріп, 8 жылдан соң ғана 1950 жылдың 20 мамырында қапастан босап шығады.

Тағдырдың тәлкегіне мойымаған, рухы биік 24 жастағы Ж.Н.Бердиев Гурьевтегі кешкі мектепті аяқтап, қаладағы политехникумға оқуға түсіп, құрылысшы-техник дипломын алып шығады. Жастайынан білімге құштар Жәнібек Нұржанұлы одан соң Мәскеудегі Бүкілодақтық сырттай политехникалық институтына оқуға түсіп, инженер-экономист дипломын алады.


Ел билігіндегі коммунистік партияның Орталық комитетінің 1956 жылғы «Жеке адамға табынушылық және оның зардаптары туралы» қаулысынан кейін қоғам ешқандай кінәсі жоқ жүздеген мың адамды қырып-жоюдың қитұрқы әдістері, қуғындаудың жымысқы жүйесі, оның ауқымы туралы шындықты біле бастады. Ақиқатты іздеу ахуалында саяси террордың құрбандарын ақтау жөніндегі жұмыстар басталды. Осыған орай 1959 жылдың 1 қыркүйігінде КСРО Жоғары сотының әскери алқасы Жәнібек Бердиевті толықтай ақтады. 1937–1938 жылдары Гурьев облысының НКВД-сында қамауға алынған адамдарға тергеу жүргізудің заңмен тыйым салынған әдістерін қолданғаны және тергеу істерін бұрмалағаны анықталды.

Кейінгі жылдары өнеркәсіп саласында «Ембімұнайқұрылыс» тресінде бас экономист болып қызмет етіп, зейнеткерлікке шықты. Атырау облысы бойынша саяси-қуғын сүргінге ұшырағандарды есте қалдыру мақсатында құрылған «Рух-Память» қорын басқарды.


Тоталитарлық жүйенің қылмыстарын әшкерелеу – бүгінгі күннің зәру қажеттілігі. ҚР Президентінің «1997 жылды Жалпыұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы етіп жариялау туралы» Жарлығы осыған шақырады. Оны іске асыру тарихи әділдікті толығымен қалпына келтірумен тең.

Сондықтан 1937 жылғы сұмдықтың қайталануын болдырмау үшін саяси жүйені демократиялық жолмен қайта құру, құқықтық мемлекет құру, билікті бір органның қолына шоғырландыру мүмкіндігін жою және құқық қорғау органдарының жұмысында ашықтықты қамтамасыз етуді жолға қою бүгінгі күннің ең маңызды шаралардың бірі болары анық.

Аққали АХМЕТ
«Мәңгілік ел» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор



Бердиевтің оқу үлгерімі туралы құжат



Неміс тілінен жазған диктанты 17 желтоқсан 1938 жылы



Жамиға Таңатарова, тарих ғылымдарының докторы, профессор:

1920–1930 ЖЫЛДАРЫ АЙМАҚТА 56 ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСІ БОЛҒАН

2023 жылы желтоқсанда XX ғасырдың 20–50–ші жылдары советтік саяси қуғын–сүргінге ұшыраған азаматтарды толық ақтау үшін құрылған мемлекеттік комиссия жұмысын аяқтады. Нәтижесінде 311 мың саяси құрбан ақталды. 72 томынан тұратын еңбек оқырманға жол тартты. Бұл – 425 ғалым мен зерттеушінің зерделі еңбегі. Олардың қатарында әр өңірден жасақталған 260–тан астам кәсіби маман қызмет етті. Осы комиссия құрамында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің бір топ ғалымы да жұмыс істеді. Солардың бірі белгілі тарихшы, Республикалық комиссия мүшесі, өлкелік топтың жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамиға Таңатарова. Ғалымның газетімізге берген сұхбатын ұсынамыз.

– **Жамиға Тәжікқызы, Атырауда құрылған аймақтық комиссия жұмысы қалай жүргізілді?**

– Осыдан 3 жыл бұрын, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы 24 қарашада «Саяси қуғын–сүргін құрбандарын толық ақтауға ұсыныс дайындау жөнінде мемлекеттік комиссия құру туралы» бұйрығына және Мемлекеттік хатшының 03.12.2020 жылы хаттамасына сәйкес, саяси қуғын–сүргін құрбандарын ақтау бойынша республиканың барлық облыстарында аймақтық комиссиялар құрылды. Комиссия құрамына әр саланың ғалымдары заңгерлер, тарихшылар, филолог, архив қызметкерлері, магистранттар сияқты зерттеушілер мен қатар кәсіби мамандар енді.

Мемлекеттік комиссия алдында тұрған міндеттерді шешуде жұмыс топтарын 8 бағытта ұйымдастырды. Саяси қуғын–сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2021–2023 жылдарға арналған жұмыс топтарының (болжамды) жоспары жасақталып аймақтарға жіберіліп отырды. Аймақтар сол Президент Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік комиссия туралы ережені, Мемлекеттік комиссия жұмысының әдіснамасын, сондай-ақ өңірлік комиссия жұмысына арналған жадынама–нұсқаулықтарды басшылыққа алып жұмыс істедік.

Мен Атырау облысындағы аймақтық комиссияның кулактарды, байларды, жартылай феодалдарды (орта шаруаларды) және шаруаларды ақтау бойынша қорытындылар мен ұсынымдарды зерделеу, дайындау жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі болдым. Біз Атырау облысының және ІІД, ҰҚК, Алматы қаласының ОМА мұрағаттары бойынша материалдар жинауға кірістік. Басты міндет – жиналған материалдар мен қылмыстық істерді зерделеу негізінде ұсыныстар дайындау және енгізу. Сәйкесінше қанша адам тәркіленді, сотталды, қуылды, сондай-ақ балалардың аштықтардан, суықтан және аурудан мәжбүрлі түрде қашуы кезінде қаза тапқандардың санын анықтадық. Оған қоса Қазақстаннан тыс жерлерге қанша адам қоныс аударуға мәжбүр болды, қанша адам қуғын–сүргінге ұшырады, қайтарылмайтын және қайтарылатын шығындарды бағалау сияқты маңызды мәліметтерді анықтап қорытындыладық. Бұл жұмыстар, ғылыми–сараптамалық қорытынды Қазақстанның 5 орталық мұрағатының 50-ге жуық қорынан (ҚР ОМА, ҚР АП, АОМА, ҰҚКҚА, ІІМҚА, АОМА, аудандық архив) және ТМД–ның бір мұрағаты – ҚР ҰА мұрағатынан (Қалмақ АССР, РФ) мұрағаттық құжаттарын зерттеу нәтижелерімен расталады.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті базасында аймақтық комиссия қызметінің жұмысын жүргізу үшін аймақтық жобалық кеңсе құрылды. Атырау облыстық мемлекеттік архиві қорларымен қатар аудандар бойынша іссапарларға шығып, Қызылқоға, Мақат, Махамбет, Исатай, Жылыой ауданындағы тұрғындармен және тәркіленген отбасылардың туған-туыстарымен кездесу, осы аудандардағы мемлекеттік архив мекемелері қорларында сақталған құжаттар мен деректерді тауып, сараладық.

– **Зерттеу барысында қандай тың деректер қолға түсті?**

– Жұмыс барысында 1920–1930 жылдары аймақта 56 халық көтерілістері болғаны, оларға жетекшілік жасаған және ұйымдастырған 56 адамның аты архив құжаттарымен дәлелденді. Көтеріліске 6139 адам қатысыпты. Оның 59–ы атылған, 83–і көшірілген, 331–і шайқастар кезінде қаза тапқан, ал 668 адам 1 жылдан 10 жылға дейін сотталған. Зерттеулер негізінде екі құжаттар жинағы, бір ғылыми монография, бір конференция материалдарының жинағы шықты. Үш жыл ішінде жаңадан табылған фактілердің нәтижесінде барлық бөлінген категориялар бойынша құрбан

болғандар мен жаппай қуғын–сүргіннен жапа шегіп, ақталмаған адам саны барынша нақтыланды.

Атырау облыстық аймақтық комиссиясының саяси қуғын–сүргін ретінде ірі тәркіленген байлар, орташа байлар (жартылай феодалдар) және шаруалар туралы қажетті мәліметтерді тапты. Өңдеу барысында жапа шеккен және заңсыз тәркіленіп, сотталған шаруалар саны – 649, тәркіленген ірі байлар саны – 25, ал толық мәліметі бар 162 бай болғаны анықталды. Сонымен қатар қудаланған азаматтардың ұрпақтары тарабынан жазылған 71 арыздың негізінде 12 дерек табылды.

КСРО Орталық атқару комитетінің 1932 жылғы 7 тамыздағы «Мемлекеттік кәсіпорындар, колхоздар мен кооперациялар меншігін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті нығайту туралы» қаулысымен облыстағы 427 адам сотталған. Ал 37 азамат атылған. Көтерілістер мен наразылықтар, оларға қатысушыларға қарсы саяси қуғын–сүргін туралы қажетті деректер тексеріліп, нәтижесінде 202–сінің ақталмағанына көз жеткіздік.

Халыққа қарсы түрлі күштеу науқандары, сондай-ақ көтерілістер мен наразылықтарын басу және ашаршылық кезінде Қазақстан аумағына, одан тыс жерлерге кетуге мәжбүр болған босқындар туралы мәліметтер тексерілді. Комиссия саяси қуғын–сүргінге ұшыраған, ақталмаған құрбандар мен босқын болуға мәжбүр болған 100 қазақтың барын анықтады. Дәстүрлі дін өкілдерін зерттеу барысында саяси қуғын–сүргінге ұшыраған, бірақ ақталмай қалған діни қайраткерлері – 23, ал жартылай ақталғаны – 50, сайлау (азаматтық) құқығынан айырылғаны – 993 адам, сондай-ақ 20 қазақ молдасы мен 2 орыс дін қызметкері ату жазасына кесілгені белгілі болды. Көрсетілген дәстүрлі дін өкілдері Атырау облысының тұрғындарына жатады, өйткені тізімге Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының тұрғындары енген.

Аймақтық комиссия мүшелерінің аудандарды аралау барысында дәстүрлі дін өкілдерінің арасынан қуғын–сүргін құрбаны болғандары архив құжаттарымен әлі расталмаған деректері зерттелді. Атырау облысы өңірлік комиссиясы 1939–1945 жж. фашистік Германия, Финляндия және басқа да Еуропа елдерінің қолына түскен 775 қазақстандық әскери тұтқын тізімін тапты.

Қазақстан территориясында ГУЛАГ НКВД лагерінде болған құрбандар мен жапа шеккендер, олардың отбасы мүшелері анықталып, қорытынды сандар нақтыланды. 18 жыл ішінде Прорва–Астрахань еңбекпен түзеу лагерь бөлімдері мен бөлімшелерде, лагерь пунктінде және басқа да лагерлерге қамалған тұтқындардың жалпы саны 2000–нан 11000 адамға дейін жеткені анықталды. Бір айта кетерлігі осы қамалғандарға қатысты құжаттардың көпшілігі Ресей архивтерінде сақталуы. Гурьев облысында орналасқан НКВД ГУЛАГ–қа қатысты құжаттарға сәйкес саяси қуғын–сүргін құрбандарын ақтау үшін 300 адамның тізімі зерттелді.

Ең бастысы аталған үш жыл ішінде тарихи жағдайлардың ашылмаған тұстары анықталды, нақтыланды, оларды түгендеуге бағытталған орасан зор жұмыс орындалды. Республикалық порталға құжаттар жіберіп мәліметтермен қамтамасыз ету, 72 томдық архив құжаттары мен материалдар жинағына тың, ерекше құжаттар тапсырудан басқа аймақтық комиссия мүшелері өздеріне белгіленген бағыттары бойынша аймақ көлемінде ауқымды да күрделі жұмыстарды жауапкершілікпен атқарды.

– **Қуғын сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі атыраулық комиссия құрамы қандай ұсыныстар айтты?**

– Аймақтық зерттеу – талдау орталықтарынан Орталық жобалық кеңсеге әр түрлі анықталған санаттағы



құрбандарды толық құқықтық және саяси ақтау (оңалту) үшін жаңа заң жобаларын әзірлеу бойынша қорытындылар мен ұсыныстар берілді. Бұл үш жыл бойы атқарылған жұмыстар нәтижесінде табылған, зерделеніп, сараланған жаңа деректер кеңес үкіметінің репрессиялық саясаты контекстінде адам құқықтарының өрескел бұзылуына және құрбандардың қадір қасиетіне қатысты шындықты белгілеу құқығы санаттарының анықтамаларын бекіту қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты ҚР қолданыстағы заңнамасына өзгерістер енгізу қуғын–сүргінге ұшыраған зардап шеккендерді ақтауға (оңалтуға) жататын жаңа санаттармен ақтау жөніндегі нормативтік–құқықтық актілерді толықтыруды талап етеді.

Өткен жылы Президенттің «Репрессия жылдары Қазақстанға Кеңестер Одағының әр түкпірінен 5 миллионға жуық адам жер аударылды, ал 100 мыңға жуық Қазақстандық азаматтар репрессияның қатал шеңгеліне түсіп, 20 мың азамат атылып кетті. Осының барлығы «Естуші мемлекет» концепциясы аясында, терең зерттеліп, әлеуметтік саяси миссиясын орындауы қажет» деген болатын. Осыған сәйкес, бұл мәселе бойынша комиссия құрамында қызмет еткен тәжірибелі заңгерлермен заң саласының ғалымдары «Қуғын сүргін құрбандарын ақтау» жөнінде жаңа заң жобасын жасап, Парламенттің қарауына ұсынды.

– **Саяси қуғын–сүргін құрбандары жайлы деректің көбі кезінде Ресей архивтеріне көшірілгені белгілі. Көрші елдегі құжаттарға толық қол жеткізе алдық па?**

– Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин халық арасында үлкен қолдау мен ризашылық туғызған үлкен жоба жұмысын ресми түрде қорытындылады. Алайда бұл істі аяқтауға әлі де ертелеу секілді. Бұл жұмыс жалғасын табуы керек. Мемлекеттік тұрғыдан бағдарламалық–нысандық қаржыландыру жолымен іздестіру, ғылыми айналымға репрессияның көптеген құжаттары мен деректерін әлі де енгізу қажет.

Архивтерде сақталған бұл кезеңдер мен репрессия бағыттарына қатысты ашылмаған, зерттеуші қолына түспеген құжаттар мен мәліметтер өте көп. Саяси қуғын–сүргіннің жазықсыз құрбандары, оның ішінде Қазақстанның бостандығы, тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы үшін күресушілердің шет елдерде, Ресей мен ТМД елдері архивтерінде сақталған құжаттар толықтай қаралып, зерделеніп құжат көшірмелері қайта әкелінуі тиіс. Күштеп қоныстандыру және отырықшыландыру құрбандары блогы бойынша да шет елге босып кеткен, аштан өлген отандастарымыздың деректері әлі де толықтыруды қажет етеді. Әскери тұтқындардың да мәселелері бар.

Қазақстанның өңірлерінде және аймақтарында зорлық–зомбылықпен қоныстандыру мен отырықшыландырудың тоталитарлық саясатынан ең көп зардап шеккендерге монументтерді, ескерткіш тақталарын орнату, көшелерге зорлық–зомбылықпен қоныстандыру мен отырықшыландыруға қарсы тұру қозғалысының ең белсенді қатысушыларының аттарын беру керек. Саяси қуғын–сүргін құрбандары күніне міндетті іс-шаралар тізіміне күштеп

қоныстандыру мен отырықшыландыру тақырыбын енгізген дұрыс. Тоталитарлық саясаттың құрбаны болған, барлық орындарды көрсете отырып, Қазақстанда күштеп қоныстану және отырықшыландыру құрбандарының интерактивті картасын жасаған абзал.

Бұған қоса «Жартылай феодалдар мен кулактардың дерекқорын» құру тәжірибесіне сүйене отырып, күштеп қоныстану және отырықшыландыру құрбандарының дербестендірілген дерекқорын құру керек. Осы тақырыпта кітаптар, құжаттар мен материалдар жинақтары, мақалалар мен деректі фильмдер сериясын шығару қажет. XX–ғасырдың 20–50–шы жылдарындағы саяси қуғын–сүргін құрбандары мен КСРО–дағы тоталитарлық режимді қуғын–сүргін саясатының салдары туралы бағдарламалар тарату үшін «Тәубе» телеарнасын құруды ұсынамыз.

Күштеп қоныстану және отырықшыландырудан қатты зардап шеккен аймақта осы тарихи құбылыстың егжей–тегжейін көрсету үшін ашық аспан астындағы арнайы мемориалдық мұражай құру керек. Сондай-ақ бұл мәселені одан әрі тереңдете түсіп, саяси қуғын–сүргін құрбандарының тәжірибесін зерттеу және іздестіру мақсатында республикалық жобалық кеңсе базасында ғылыми орталық немесе институт ұйымдастыру қажет.

– **Нәтижелі зерттеуді қоғамда кеңінен насихаттау жұмыстары қалай іске асып жатыр?**

– Комиссия жұмысының міндеттері мен мақсаттарын насихаттау, түсіндіру барысында аудан, қала тұрғындары, ЖОО студенттері, жастармен әр түрлі форматта кездесулер өткізілді. Қаладағы қоғамдық орталықтарда қуғын–сүргін құрбандарының ұрпақтарымен кездесу ұйымдастырып, БАҚ беттерінде мақалалар, сұхбаттар жарияланды. Ашып айтсақ, 10 рет халықпен кездесу, мектеп оқушылары, колледж, ЖОО студенттерімен 22 кездесу, БАҚ–та 127 мақала, зерттеу жұмыс тобы мүшелерінің қатысуымен эфирге 19 телехабар шығарылды. Жұмыс кезеңінде аймақтық комиссияның 10 мәжілісі, 3 ғылыми–практикалық конференциясы, 4 дөңгелек үстелі өтті.

Алматы, Астана, Ақтау қалаларында өткен республикалық конференцияларға да қатыстық, құрамына таңдаулы ғалымдар мен қатар жас зерттеушілер де тартылды. Бұл – жастарды ғылымға баулуға, зерттеу жұмыстарымен айналысуға қызықтырды.

Ғылыми–практикалық конференция жинақтарына 100–ге жуық ғылыми мақала жарияланды. 2021–2023 жж. 56 іссапар ұйымдастырылды, оның ішінде қазақстандық архивтер – 24, аудандық архивтер – 29, шетелдік – 3 (Астрахань және Орынбор облыстары (РФ) архивтеріне). Оның үстіне, әлеуметтік желіде (Facebook, Instagram, т.б.) парақшалар ашылып, аймақтық комиссияның жұмысы туралы арнайы хабарламалар жазылып отырды.

Ең бастысы жазықсыз жазаланып қуғынға түскен азаматтар ақталып, ата баба алдындағы қасиетті парызымыз өтелсе деген ниет болды. Ал бұдан ала-тын сабақ тарихтың жіберген қателіктері болашақта қайталанбаса, ұрпаққа, кейінгі буынға сабақ болса екен деген үміттеміз.

– **Өңірімеңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан Жәнібек ҒАЛЫМ

ХАЛЕЛ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ «ҚОС ДИПЛОМ»



Биылғы оқу жылы да аяқталып келеді, соның ішінде, біздің – «Қос диплом» бағдарламасы бойынша Түркияның Нийде қаласындағы Омер Халисдемир университетінің магистратурасында білім алып жатқан Ләззат Әлімова екеуіміздің шетелде бастап оқыған алғашқы семестріміз аяқталуға жақын. 1992 жылы құрылған, жиырма мыңдай студенті бар Nigde Omer Halisdemir University (NU) мен Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің арасында тығыз байланыс орнаған. Мұнда Қазақстанның өзге университеттерімен бірге Халел университетінен де жыл сайын «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасымен бірнеше бакалавриат студенті келіп, оқып кетеді. «Қос диплом» – пилоттық бағдарлама. Оны жүзеге асырып, іске қосу жағынан біздің университетіміз Қазақстанның орталық қалаларындағы «мүйізі қарағайдай» жоғары оқу орындарының алдына түсіп кеткенін біз осында келіп естідік. Келесі жылы «Қос диплом» бағдарламасымен Нийде университетіне бакалавр студенттері де бастап келетіні жайлы оң хабарды естіп жатырмыз. Сәттілік тілейміз!

Келген бетте біз Омер Халисдемир университетінің шетелдік студенттерге арналған Ayhan Şahenk жатақханасына (жатақхана түрікше yurt, түпкі сөзі жұрт – авт.) орналастық. Студенттер үшін барлық жағдай жасалған жаңа жатақхана оны салып берген демеушінің есімімен аталыпты. Осы жерде университеттің жалпы құрылымына байланысты мынадай екі жайды айта кетейін. Біріншіден, университет ішіне оқу корпустары, жатақханалар, кітапхана, спорт залы, басқа да оқу-білім үшін қажетті дүниелермен бірге қызметкерлердің балалары үшін балабақша, шағын мешітке дейін кіретін үлкен кампус түрінде жасақталған. Нийде тұрғындары осы оқу орнының ашылуы қаланың дамуына ықпал етіп, көптеген жұмыс орнының ашылуына сеп болғанын айтады. Студенттер де тұратын жер, барлық керек-жарағымен қамтылғасын қатынап оқудан қиналып, жұмыс іздеп әуреге түспейді, еш алаңдамауына болады. Қазіргі күні, мәселен, 80 мыңға жуық студент бар деп есептелетін Алматы қаласындағы университеттердің кейбірін Қонаев қаласына көшіру мәселесі қозғалып жатқанынан хабарым бар. Меніңше, бұл өте тиімді шешім болар еді.

Екіншіден, жатақханада ерлер және әйелдер корпустары бөлек, Студенттер тек таңғы, түскі, кешкі ас мәзірлерінде ғана бірге отырып тамақтанады. Одан басқа, фойеде бірге отырып, әңгіме-дүкен құра алады. Қазіргі жағдайдан хабарым жоқ, бірақ, еліміздегі мен оқыған жоғары оқу орнында кезінде ұл және қыз студенттер аралас тұра беретін, бірге тұратындары бар еді, ыңғайсыз болатын. Соған қарап, студенттерді осылай бөліп тұрғызған дұрыс па едім, тағы да мұның өзі оқу сапасына оң әсер етуі тиіс.

Омер Халисдемир университетінде бізден бөлек Қазақстанның оқу орнынан «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алуға келгендер де көп кездесті. Университет ректоры, профессор Хасан Услудың қабылдауында «болашақтықтармен» бірге біздің де болғанымызды өзімізге көрсетілген құрмет, мәртебе санаймыз. Ал қазіргі түркі тілдері және әдебиеттері бөлімінде (кафедра түрік тілінде бөлім – bölüm) бөлім меңгерушісі Хикмет Қораш, философия докторы Перизат Ертаева, Месут, Гүлшах, Мерви Нур, Кевсер, Эсра Явуз, Медер ходжаларымыздың (ұстазға қарата айтылатын сөз-авт.) дәрістері арқылы тек қазақ және түрік тілдері емес, жалпы түркі тілдерінің ерекшеліктері мен айырмашылықтарына, түп-тамырына, тарихына қаныға түстік. Әсіресе, профессор Хикмет бейдің дәрісін өз арамьзда «мидағы жарылыс» деп атайтынымыз бар. Бірқатар түркі тілін, араб, шағатай жазуларын білетін ағайымыз қазақ тілі мен әдебиетінен, тарихынан жақсы хабардар, қазіргі қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығына дейін жіліктеп талдап тастайды.

Өткен ғасырдың басындағы Ташкентте, Бакуде

өткен құрылтай, кеңес жиналыстарын қарасаңыз, қатысушылардың қазақ, түрік, өзбек, ұйғыр және басқа да тілдерде баяндама жасағанын, бірақ түркі халықтарының бір-бірінің тілін тәлімсіз-ақ түсіне бастағанын көресіз. Жылдар өте жазу емлесі өзгеріске түсіп, жаңа терминдер еніп, тілдік реформалардың енуіне байланысты түбі бір түркі халықтарының тілдері бір-бірінен алшақтай бастағаны байқалады. Қазіргі қазақ тілінде орысша сөздер көп қолданылып жүр. Түрікшеде де ақ, қара, нан сияқты ортақ сөздер болғанмен, бүгінде басқа нұсқалары қолданылады. Сондай-ақ, түркі тілдеріне араб-парсы, орыс тілдерінен енді деп жүрген біраз сөздің бір кездері түркі халықтарынан оларға өтіп, кейін өңін өзгертіп қайтып келгенін дәріс кезіндегі талдаулар барысында көрдік. Менің байқағаным, түрік тілінен біз кездегі біздің ата-әжелеріміз қолданған жазу лексиконын ұшыратуға болады, мысалы, өптім (өбу) сияқты сөздер, -мыс, - міс сияқты күмәнді білдіретін жалғаулар, - дүр, -дір сияқты күшейтпелі шырайлар қазақ тілінде не архаизмге айналып барады, не ақындардың өлеңдерінде ғана қолданылып жүр, түрік тілінде ол сақталған. Сол сияқты, парқына бармастан, тәрк етпес, ілкі (заманда), ілгері (жүру) деген сөздер де түрік ағайындарда сақталған. Жалпы, бұл салалық зерттеулерді қажет ететін дүние, бұл тақырыптарда мақалалар да жаздық, сондықтан бұл жерде терең тоқталудың қажеті болмас.

Уақыт өте келе біз Нийде өлкесін жақсы көріп қана қоймай, бұл жердің көп артықшылықтарына да көз жеткізіп келеміз. Жан-жағынан теңіздермен қоршалған, таулы Түркияда Нийде салыстырмалы түрде жазық жерлер қатарына жатады екен. Қиын-қыстау жылдары осы елге көшіп келген қазақ қандастарымызға мал ұстауға қолайлы болуы үшін Нийде, Кония сияқты өңірлерден жер беріпті. Солардың ішінде бүгінгі күні Нийдедегі қазақтардың Алтай ауылы сақталып қалған. Жақында өткен Ораза айт күндерінде қандастарымыз университет студенттерін жинап, ауылдарына апарған еді. Өкінішке қарай, ол кезде Атыраудағы жағдайға байланысты елге сұранып, жол жүріп кеткен болатынымын. Сөз ретінде маған түсіністікпен қараған, Қазақстандағы су тасқыны кезінде Нийдеде оқып жатқан біздің студенттерге жанашырлық танытып, жағдайларын сұрап, қоса алаңдаған түрік оқытушылары мен дос-жарандарға алғыс айтқым келеді. Айтқандай, Түркияда жылқы етін жемейді, жылқы малын союға жергілікті тұрғындарға тиым салған, бірақ, қазы-қарта, жал-жая жел өскен қазақ диаспорасы өкілдеріне оған арнайылап рұқсат етіліпті.

Алтай ауылы жайлы айтқанда осы ауылдың бетке ұстар азаматы, шетелдегі қазақтардың жанашыры Мұстафа Көкті айтпай кетуге болмайды. Нийде қаласына Абылайхан ескерткішін орнатуға үнемі қазақша тақиясымен жүретін осы кісінің үлкен септігі тигенін естіп жүрміз (өзі мойындамай, қашқақтайды). Бір кездері Алтай ауылында мұхтар (әкім) болған, Голландияда отбасымен бірге он жыл тұрған, тері өңдеу кәсіпкерлігімен айналысатын Мұстафа Көк қазір ... студент. Ол да Нийде университетінде түркі тілдерін меңгеріп жатыр, қазіргі күні ескі шағатай тілін үйренуде. Расы керек, магистранттар ішінде жасы жағынан ең үлкені менмін. Бірақ, менің замандастарымнан айырмашылығы, қазіргі өзінде бірнеше шетелде болып, бірнеше тіл меңгерген, техника тілін игерген жастардың арасында үлкендігімді сезінген емеспін. Ал енді зейнеткерлік жасым жақындап қалды деген Мұстафа ағаның қат-қабат шаруасының арасынан жыл сайын бір түркі тілін оқуға уақыт тауып жатқаны жігерлендірмей қоймайды.

Нийдеге келген білім жолындағы барлық қазақтардың іздеп келетін тағы бір адамы – Перизат Ертаева ханым. Білім іздеп, осында келген қазақстандық жастар тез арада құжаттарын реттеп, тіл үйреніп, қандай да бір жетістіктерге жетіп жатса, оның барлығында өз ортасында аса беделді Перизат ханымның кейде көзге көріне бермейтін үлкен еңбегі, жанашырлығы жатыр.

Жоғарыда Нийденің артықшылықтарын айтап дедім ғой, соның бірі – бұл жердің сейсмикалық жағынан тұрақтылығы. Мұнда жер сілкінбейді, бірақ, таныстарымыз басқа жақта жер қатты сілкінесе, мұнда да 1-2 балдық елеусіз тербелістер болатынын айтады. Мысалы, бір кезде Газиантепте болған қуатты жер сілкісіні кезінде бізде де аздап тербеліс болды, сезіндік десеңді.

Сол сияқты, Нийдеде Стамбул, Анкара, Измир сияқты орталық, ірі қалалардай емес, күнкөріс жағы арзан. Сол себепті де, соңғы жылдары түрік қоғамында жиі айтылып жүрген инфляция салдарын әзірге қатты сезіне қоймадық. Біз үшін ең бастысы, тамақ, әсіресе, жеміс бағасы қолжетімді болып, қуантып тұр. Ал киім-кешектің қымбаттағаны байқалады, дегенмен, басқа елде оқып жүргендер үшін ол екінші кезектегі мәселе болуы керек деп ойлаймын.

Сөз соңында «Қос диплом» сияқты халықаралық бағдарламаны қолға алып, қазақстандық студенттердің (оның ішінде біз де бармыз) шетелде білім алуына жағдай жасаған Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті басшылығына, халықаралық бөлімге, өз тарапынан онлайн білім беріп, тығыз байланыс жасап отырған көптілді білім беру факультеті мен қазақ тілі және әдебиеті кафедрасына рахмет айтамыз. Бізге артылған сенімді жақсы оқып, нәтиже шығару арқылы ақтаймыз деп ойлаймыз.

Сол сияқты, Омер Халисдемир университетіне де ризашылықтан басқа айтырармыз жоқ. Өткен аптада оқу орнының басшылығы, соның ішінде халықаралық бөлім студенттерге екі автобус бөліп, Қаппадокияның тарихи-мәдени жерлеріне тегін сапар ұйымдастырды. Маусым айының 10-13-і күндері Баку қаласында ауқымды халықаралық конференция өтпек. Соған осы университетте «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып жатқан диплом жетекшісі Меруерт Аманғазиеваның жетекшілігімен кинопедагогика тақырыбы бойынша ғылыми мақала ұсынып, қазіргі күні ол ұйымдастырушылар тарапынан мақұлданып, шақырту алып отырмыз. Мүмкін болса, осы үлкен жиынға қатысып, қойылып отырған шартына сай, жұмысымызды ғылыми орта алдында қорғасақ дейміз.

Алда атқаратын істер көп, жоспарымыз баршылық. Тек ертеден келе жатқан шығыс философиясын еске түсіретін «яваш-яваш» (yavaş yavaş – түрікше жай-жай, авт.) режимінде, Абай атамьз айтқандай, «ақырын жүріп, анық басып» білім мен ғылым көкжиегін кеңейте түссек – мақсатымыздың орындалғаны болмақ.

Құралай ҚУАТОВА, 1-курс магистранты
Түркия, Нийде қаласы

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі білім берудің басты мақсаттарының бірі – шығармашыл тұлға қалыптастыру болып табылады. Қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда әр сабақта жаңаша оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін тауып, оларды жүйелі түрде қолдану – бүгінгі заман талабы. Ал білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын үнемі жаңартып, оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдері мен түрлі құралдарын қолданудың тиімді жолдарын арттыру.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылатын көптеген әдіс-тәсілдер бар. Солардың ішінде кең тараған түрлері: АКТ (ақпараттық компьютерлік технологиялар) пайдалану, Блум технологиясы, СТО (сын тұрғысынан ойлау) технологиясы, тірек –сызба технологиясы, жобалау, деңгейлеп оқыту технологиясы. Сабақты жаңашыл үрдіспен өткізу – оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытады, ал педагогтар үшін кәсіби шеберліктерінің өсуіне көмектеседі.

Жаңа педагогикалық технология – жаңа оқыту амалдары мен іс-әрекеттерінен ізденуді талап ететін, яғни, білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізіп, жаңа ізденістерді ұтымды пайдалану арқылы жоғары көрсеткіштерге жету дегенді білдіретін ұғым. Шығармашылық тұлға қалыптастыру – қазіргі оқу процесінің басты талаптарының бірі болып саналады. Шығармашылық тұлға қалыптастырудың бір жолы ең алдымен оқушылардың танымдық ізденістерін тиімді ұйымдастырумен жүзеге аспақ.

Көркем шығармаларды тек қана оқып қана қоймай, оны жүйелі түрде талдау дағдыларын меңгерту тиянақты және терең білім берудің, оқушылардың танымдық ынтасын қалыптастырудың негізгі жолдарының бірі болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің жоғары деңгейде дамитын кезеңі орта және жоғары буында екені белгілі. Осы сыныптарда берілген көлемді көркем шығармаларды жаңаша оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушы бойындағы танымдық қабілеттерін арттыруға болады. Көркем шығармаларды оқытудағы басты мақсат – тіл байлығын молайту, шығармашылық қабілетін дамыту, көркем әдеби шығармаларды оқуға тарту, көркем мәтінге түрліше талдай жасай білуге, сөзді ажарлап сөйлей білуге үйрету. Оқу үрдісінде оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында жаңаша әдіс-тәсілдерді

қолдануда біршама жетістікке жетуге болады.

Сабақта АКТ арқылы көптеген электрондық ресурстарды пайдаланамыз: мультимедиялық презентациялар, аудио-видео жазбалар, электронды оқулықтар, тест материалдарын. Олар сабақты түрлендіреді және қызықты етеді, оқушыларды да әр түрлі жаңа технологияларды пайдалануға үйретеді. Презентация жасау үшін материалдарды тандап алуда, презентацияның құрамын ойластыруда, оларды түрлендіруде оқушының өз бетінше іздену дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін арттырады. АКТ қолдану арқылы сабақтарда оқушылардың оқу дағдылары дамиды, сөз қорлары кеңейеді, жазбаша біліктіліктері артады.

Сабаққа тоқтала өтсем, қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романын оқымас бұрын тақтаға сызба ілінеді. Сызба «Жамалдың өмір баспалдақтары» деп аталады. Тірек – сызба арқылы шығармаға деген қызығушылықты тудыру басты мақсат болып табылады. Келесі бір жаңа әдістер «Концептауалдық кесте», «Әдебиет лотосы» әдістері арқылы әдеби шығармадағы кейіпкерлер туралы кестені толтырады. Роман мазмұнын толық талдап, оқушылардың көркем шығарманы талдай білу қабілетін арттыруда «Әдеби талқы» әдісінің маңызы зор. Бұл әдіс арқылы оқушылар топта жұмыс жасай отырып, әр оқушыға тапсырма беріледі, бос отырмайды, барлығы да мәтінмен жұмыс жасайды.

«Баяндаушы» әңгіме мазмұнын қара сөзбен жазады.

«Зерттеуші» осындай тақырыпқа арналған тағы қандай шығармаларды білесің?

«Сұрақ қоюшы» әңгіме мазмұнына сай сұрақтар құрастырады.

«Сілтемелер табушы» әңгіме мәтніндегі астарлы мағыналы, ауыспалы сөздерді табу, мағынасын жазу.

«Бейнелеуші» әңгіме мазмұнына сай сурет салу.

«Дәнекер» қазіргі заманмен салыстыру.

Тегінде оқушыны өздігінен жұмыс істеуге, өздігінен ізденіп білім алуға үйрету ең тиімді жол. Бұндай әдістердің тиімді жағы сыныптағы барлық оқушылар толығымен қатысып, бағаланады.

Оқытудың жаңа әдістерін сабақ барысында қолдану нәтижесінде оқушылардың бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

- әр оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді;



- бір-бірінің пікірлерін қабылдауға үйренеді;

- ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді, өзіне белгіліні пайдалана алады;

- өз біліміне сүйеніп, мәселенің шешімін дұрыс тауып, ойын жеткізе біледі.

- білімді өз бетімен алуға деген ынтасы, шығармашылық жұмыстарға қабілеті, танымдық белсенділігі артады.

- оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгелердің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді. Бұл оларға топпен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Оқушыларға білім бере отырып, біз болашақ ұстаздардың да кәсіби дамуына ықпал етіп отырамыз. Бұған дәлел біздің мектебімізден жыл сайын студенттер практикалық іс-тәжірибеден өтіп отырады. Биыл Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің көптілді білім беру факультеті 6В01701-қазақ

тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығының 3 курс студенттері желтоқсан – қаңтар айларында, ақпан – наурыз айларында 2-курс студенттері практикалық іс-тәжірибеден өтті. Біз университетпен тығыз байланыста жұмыс жасай отырып, студенттерді білікті маман болуға үйретеміз. Қазақ әдебиеті сабақтарында көркем шығармаларды оқытуда, талдау жұмыстарын жүргізуде инновациялық технологияларды тиімді қолдана білу, заманауи сабақтарды талапқа сай қызықты өткізуге бағыт-бағдар беріп отырамыз. Инновациялық технологияларды қолдана отырып өткізілген әр сабақ өз нәтижесін берері сөзсіз.

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың бірі – оқушылардың көркем туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білуі. Яғни, мұғалім осы мақсатпен іздену керек. Қай әдіспен оқыту тиімді – оны әр оқытушы өз тәжірибесі мен ыңғайына, оқу материалының сипатына, оқушының дайындық деңгейіне қарай өзі белгілейді. Сабақ нәтижесінде оқушы өзінің білім қорын, рухани әлемін байытып, адамгершілік негізін нығайтатын болса, ізденіп, еңбектеніп тапқан білімін өзінің игілігі үшін тиімді пайдалана алса, онда ол сабақ, қандай әдіспен өтсе де, бүгінгі күннің талаптарына толық жауап бере алады.

Қорыта айтқанда, оқытуда жаңа технологияларды қолдану оқу үдерісін жетілдіріп, тиімділігін арттырады және сабақтарды қызықты өткізуге көмектеседі. Оқушылардың бойында шығармашылықты дамытады, үздіксіз ізденіс, оқуға деген құлшыныс, білім алуға деген ұмтылысын арттырады. Оқушы бойында білім нұры тасып, ішкі дүниесі мен сыртқы ортамен байланысы артып, дүниетанымы дамиды.

Айнагул БОРИСОВА,
N21 Жамбыл атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог – зерттеуші



БОЛАШАҚ – БИОТЕХНОЛОГИЯДА

Ғылыми-технологиялық үрдіс бір орында тұрмай, сәт сайын дамуда. Ғалымдар қазір адам ағзасының маңызды құрамын қолдан өсіруде үлкен жетістікке жетіп отыр. Сондықтан, осы кезден робототехникамен қатар, биотехнологияны да дамыта беру қажет. Біз бұл бағытта әлем ғалымдарының жеткен жетістіктерін сөз етпекпіз.

ЖАСАНДЫ ЖАСУША

Бүгінде адам ағзасының алақандай жасушасынан ең күрделі органдарды өсіріп шығаруға мүмкіндік туды. Оған күнделікті өмірде және ғаламтор арқылы естіп-біліп жүрміз. Қазір өңірге көршілес Ресейден және басқа да елдерден келіп, жергілікті тұрғындарға қызмет көрсетіп жүрген жеке клиника дәрігерлері жетерлік. Арасында пластикалық ота жасаушы мамандар да бар. Солардың көмегімен бір келіншек күйік шалған тері бөлігін қайта бұрынғы қалпына келтіргенін айтады.

Технологияның дамығаны соншалық, қазір «гиаматрикс», «биокол» деген биопластикалық материалдар мен арнайы гидрогельдер арқылы теріні жаңадан өсіруге болады екен. Екіншіден арнайы принтер арқылы тері жасушаларының бөлшектерін басып шығару мүмкіндігі қаралуда. Онымен «AFIRM» және «WFIRM» атты американдық регенерациялық медицина орталықтарының қызметкерлері айналысуда.

Сол секілді, Питсбург университеті жанындағы медицина институтының дәрігері Джордж Герлах өз әріптестерімен бірге түрлі дәрежеде күйік шалған теріні ауыстыратын «Skin Gun» құрылғысын ойлап тапқан. Ол күйген жерге науқастың жасушаларын себелеп, екі күн ішінде бұрынғы қалпына келтіріпті.

Ал, Колумбия университетінің ғалымдары жасушадан сүйектің кейбір бөлшектерін жасап шығаруға болатынын дәлелдеген. Израильдік «Bonus Biogroup» компаниясының оқымыстылары да науқастың май жасушаларынан сүйек өсіру әдістерін іздестіруде. Оның үстіне, қазір артық салмақпен арпалысып жүргендер қатары көп қой. Қазірдің өзінде сондай сүйекпен атжалманның аяғы сәтті ауыстырылған екен. Демек, бұл жобаның болашағы бар.

«Естімеген елде көп» демекші, итальяндық «University of Udine» орталығының мамандары тісті қолдан қалай өсіруге болатынын анықтаған. Токиолық университет ғалымдары да тышқанның жасушасынан тіс жасап, басқа жануарларға қондырған. Енді осы тәжірибені адамға қолдану жолдарын қарастырып жатыр.

Тіпті, колумбиялық өнертапқыштар қоянның буын шеміршегіне дейін өсіріп шығарған. Айтпақшы, 1997 жылы Бостондағы Массачусетс бас ауруханасында қызық жағдай орын алды. Онда хирург Джею Ваканти тышқанның арқасында адамның құлағын өсіріп шығарды. Бұл үшін шеміршек жасушаларын пайдаланған екен. Ал, Джон Хопкинс атындағы университет ғалымдары 42 жастағы әйелдің ісігі бар құлағы мен бас сүйегінің бір бөлігін жасанды жолмен алынған органдармен ауыстырған. Оны былай қойғанда, Мичиган университетінде жасанды жілік майы жасап шығарылды.

Адамның өмір сүруіне ең қажеттісі, бұл – қан екені даусыз. Профессор Ин Чжэн толыққанды жұмыс жасай алатын қан тамырларын өсіріп шығарған. Оқымысты Сухитра Сумитран-Хольгешон бастаған швед ғалымдары (Готенбург университеті) да әлемде тұңғыш рет жасушадан өскен 9 сантиметрлік тамырды ағзаға орнатты. Науқас құлан таза айығып шықты. Осындай жолмен француз дәрігерлері бір ағзаға 2 миллилитр (10 миллиард эритроцит) қан құйды. Олай болса, бүгінде қан ауруларына қарсы тұруға болады деп нық сеніммен айтуға болады.



ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН ҚҰДІРЕТ

Күрделі дене мүшелерін қазір қолдан өсіріп, ағзаға оңай трансплантациялауға болады. Жасанды жолмен өсіруге болатын органның бірі – қуық. Мұндай жаңалыққа доктор Энтони Атала мен оның американдық Вэйк Форест университетіндегі әріптестері қол жеткізді. Олар бірнеше науқастың қуығынан ұлпа кесіндісін алып, зерттеу жүргізген. Сөйтіп, оны қуық пішіндес кесеге салып, 7-8 апта ішінде өсіріп шығарған. Нәижесінде, науқастың ағзасына тігіліп, бірнеше жылда оң нәтижесін берген.

Испандық оташылар отыз жасар Клаудии Кастильоның кеңірдегін де Бристол университетінде



қолдан өсіріп шығарды. Қиын отаны профессор Пало Маккиарини сәтті жасап шықты. Кейін бұл үрдіс Ресейде де кең қолданысқа ене бастады.

Ал, «Advanced Cell Technology» компаниясында 2002 жылы небәрі бір-ақ жасушадан толыққанды бүйрек өсіп шықты. Бұл үшін сиырдың құлағынан бір жасуша алынып, клондалды. Сөйтіп, арнайы қоспалардың көмегімен бүйрек жасушалары пайда болды. Солардан ұлпа өсірілді. Тірек материал ретінде Гарвард медициналық мектебінде дайындалған бүйрек формасындағы қаңқа пайдаланылды. Осылайша, ұзындығы 5 сантиметрге жететін бүйрек әлгі сиырдың ағзасына сіңістірілді. Нәтижесінде, жасанды орган зәр шығару қызметін толықтай атқарды.

Американдық Массачусетс ауруханасының Коркут Югун жетекшілігіндегі мамандары атжалмандардың жасушаларынан бауыр өсіріп, өздеріне тігіп берді. Бұл қалай іске асты? Алдымен, бес тышқанның бауырын алып тастап, бұрынғы клеткалардан тазартты. Артынан әрқайсысына 50 миллион бауыр жасушасын енгізді. Екі жұманың

ішінде толық қуатында жұмыс жасай алатын бауыр өсіп шықты. Ғажап емес пе?!

Британдық Хэафилд госпиталінің Мегди Якуб бастаған ғалымдары тарихта тұңғыш рет діңгекті жасушалардан жүректің бір бөлшегін өсіріп шықты. Сонда жасанды тері ағзадағы қан айналымына жауап беретін жүрек қақпақшаларының қызметін атқарған. Ал, неміс оқымыстылары бұл жағдайда лазерлік технологияны қолданған.

Лаура Никласон бастаған американдық Йель университетінің ғалымдары зертхана ішінде өкпені де өсіріп шығарған. Бұл жолы да тышқандар қолданылды. Жасанды орган отадан соң бір-екі сағат өткенде ғана жұмыс жасай бастаған. Бірақ, кейін өкпе қантамырларында қанның ұюы, яғни, тромб пайда болды. Аздаған қан ағзаның арнасына да тарады. Соған қарамастан, бұл сынақ өкпені ауыстыруға қатысты көптеген жайттардың бетін ашты.

Регенеративті медицина жетістіктері ішектерді де айналып өтпеді. Нара медициналық университетінде Есиюки Накадзима жетекшілік жасайтын бір топ жапондық зерттеушілер тышқан ішегінің титтей бөлшегін қолдан жасап шығарды. Мұнда да діңгекті жасушалар көмекке келді. Жасанды ішектің табиғи түрінен еш айырмашылығы болмады.

Ал, израильдік «Technipon» институтының профессоры Шуламит Левенберг бастаған ғалымдар ұйқы безінің ұлпасын өсірді. Бұл – өте күрделі үрдіс. Қан құрамында ешкім ойламаған құбылыстар орын алды. Десе де, сынақ сәтті өтті.

Бәлкім сенбейтін де шығарсыз, бірақ қазір жасанды жолмен адамның көзіне дейін өсіріп шығуға болады. Токио университетінің биологтары бақаның көз алмасын алып, орнына эмбрионалдық діңгекті жасушалар орнатты. Көздің ішкі бөлігін жасушаға қажетті қоректік заттармен толтырды. Санаулы аптадан соң әлгі клеткалардан жаңа көз алмасы пайда болды. Сонымен бірге, көру мүмкіндігі де қалыптасты.

Ал, Швециядағы Салгрэн академиясы мен Калифорния университетінің ғалымдары діңгекті жасушадан көздің қасаң қабығы мен сегіз қабатты көз торын (роговица) жасап шығарды. Қазір бұл бағытта жануарларға сынақ жұмыстары жүріп жатыр. Таяу болашақта барлық көз ауруларын емдеп шығуға мүмкіндік туары хақ.

Жапондық «RIKEN» даму биологиясы орталығының зерттеушілері тышқандардың жүйке тіндерін (нервные ткани) қолдан өсірді. Ең ғажап жаңалық, бұл – адамның ми бөлшегін қолдан өсіру мүмкіндігі. Бұл бағытта Ресейдің Нижегород мемлекеттік медициналық академиясының ғалымдары нейрон жүйесін жасап шығарды. Бұл ретте нейрондардың электр күшін реттеп отыратын арнайы матрицалар пайдаланылды. Әбден өсіп-жетілген нейрондар ғана миға толыққанды қызмет көрсете алды.

ТҮЙІН

...Міне, біз ғылыми-технологиялық үрдіс пен таңдай қақтырған технология турасында сөз өрбіттік. Адам ағзасының маңызды бөлшектерін қолдан өсірген ғалымдардың жарқын жаңалықтарымен бөлістік. Біз мұнымен робототехниканы қалай дамытсақ, биотехнология да сондай көңіл бөлу қажеттігін айтқымыз келді. Алдағы уақытта әлі талай адам жасын ұзартып, ағзасын жаңартатын тың тәсілдер дүниеге келеді деп сенім білдіреміз.

Әділет ҚАНАТҰЛЫ,
журналистика мамандығының
1-курс студенті



ГҮЛБАХЫТ - ӘЛЕМДІК ДОДА ЖЕҢІМПАЗЫ

Университетіміздің 3 курс студенті Гүлбахыт Қайыржанова әлемдік додадан жүлделі оралды.

Сәуір айының 21-29 аралығында Марокко елінің Марракеш қаласында пара жеңіл атлетикадан әлемдік Гран-при өткен еді. Байрақты бәсекеде 66 мемлекеттен келген 437 спортшы бақ сынасты. Дүбірлі додаға еліміздің намысын қорғауға 12 пара спортшы аттанған еді. Жарыста еліміздің көк туын желбіреткен параспортшылар жеңіс тұғырынан көрініп, 1 алтын, 5 күміс және 4 қола медальға қол жеткізді. Олардың қатарында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенті Гүлбахыт Қайыржанова қос күміс медальға ие болды.

«Атырау облыстық Пара жеңіл атлетика федерациясынан» қатысқан параатлет Гүлбахыт – 5В010502 «Логопедия» мамандығында оқиды. Ол Маррекеште өткен додада найза лақтыру мен ядро лақтыру бойынша өнер көрсетіп, қос күміс медальді қанжығасына байлады. Сонымен қатар Жапонияның Кобе қаласында Пара жеңіл атлетикадан өткен Әлем чемпионатына F12-F13 класстары бойынша 10 спортшы қатысып, сол үздік ондық ішінен

Гүлбахыт Қайыржанова 4-орынға табан тіреген болатын. «Байрақты бәсекелерге кіл жүйріктер жиналған. Сондықтан да әр жарыс өз кезегінде тартысты өтуде. Үздіксіз дайындық пен бапкерім Нұрберен Амиржановтың ерекше қолдауымен осындай жеңіс тұғырынан көріндім деп ойлаймын. Алдағы өтетін бәйгелерде бұдан да биік белестерді бағындырамына сенімім мол. Оған қоса биыл тамыз-қыркүйек айларында өтетін Париж 2024 Паралимпиада ойындарына қатысуға үміткермін», – деді ол бізбен болған қысқа әңгімесінде.

Ж.МӘЛІМҚОЖА



ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАҒАН – «KVATRO»

Музыка және өнер кафедрасының «Kvatro» ер балалар ансамблі халықаралық «Zhuldyz Art Kazakhstan» өнер байқауында бақ сынап, бас жүлдені олжалады.

Байқауға би топтары, қара сөз шебері, күй өнері және вокал номинациялары бойынша өнерпаздар қатысты. Сондай-ақ, ұжым Түркиядағы халықаралық байқауға тегін қатысуға шақыру алды. Мыңнан астам жас таланттар қатысқан сайыста «Kvatro» квартеті халық әні «Япырайды» нақышына келтіре орындаған. Ансамбль жетекшісі Айымгүл Қуатқалиеваның айтуына байқау өз деңгейінен жоғары әрі тартысты өткен. ««Zhuldyz Art Kazakhstan» халықаралық байқауы еліміздің өнерін жарластыру мен жас ұрпақтың шығармашылық қабілетін дамыту жолында ерекше орын алатын байқау. Байқауға еліміздің түкпір түкпірінен кіл мықтылар мен оқ бойы озық тұрған өнерпаздар қатысады. Осындай ауқымды шарда топ жарып, бас жүлдені иелену үлкен мәртебе деп білемін», – деді Айымгүл Қуатқалиева.

Медиаорталық тілшісі

ҚОС АРУ ЖАПОНИЯДАН ҚОЛА ЕНШІЛЕДІ

Оқу орнымыздың қос бірдей студенті шетелде өткен біріншілікте жеңіс тұғырынан көрінді.

28-30 сәуір аралығында Жапония елінің астанасы Токио қаласында жасөспірімдер мен жастар арасында каратэ киокушинкай-кан спортынан ашық біріншілігі ұйымдастырылды.

Оған Қазақстанмен қатар 20-дай мемлекеттің спортшылары қатысты. Чемпионатта бағын сынаған университетіміздің арулары, атап айтсақ, «Туризм және сервис мамандығының» 4 курс студенті Карина Досимова мен «Дене шынықтыру» мамандығының 4 курс студенті Аружан Абдрахманова жүлделі үшінші орынды иеленді. «Киокушинкайдың отаны, жапондық татами, жапониялық қарсыластың бір арнада тоғысқан жарыста менің сол жердегі сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Шығыс күресімен айналысатын спортшы ретінде Жапониядағы жарысқа қатысу мен үшін жетістік, ал жүлде алу мақсатым болды. Аянбай тер төгіп жаттыққанымның арқасында және бапкерімнің еңбегінің мақсатыма жеттім. Әлі талай толағай жетістіктер бізді күтеді», – деді Аружан Абдрахманова.



ТОП ЖАРҒАН СТУДЕНТТЕР

30 сәуір күні Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыруымен Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары студенттерінің XVI Республикалық пәндік олимпиадасының II кезеңі өтті.

Құқық қорғау қызметі білім беру бағдарламасы бойынша алғаш рет ұйымдастырылған олимпиадада 15 команда арасында Алина Шамахова, Медина Әбдеш және Қарақат Телеубаева жүлделі 3 орынды иеленді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыруымен, дәстүрлі түрде өтетін «Қазақстанның үздік студенті» республикалық байқауында 3 курс студенті Бейбарыс Сәрсен «Қазақстанның үздік студенті» төсбелгісімен, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Құқық қорғау

қызметі білім бағдарламасының 2 курс студенттері Диляра Боранбай мен Медина Әбдеш Мақсұт Нәрікбаев университетінің 30 жылдық мерейтойына орай «МНУ-2024 жыл сайынғы құқықтық конференциясы» атты жас ғалымдардың ғылыми-тәжірибелік конференциясының іріктеу кезеңінен өтіп, шақырту алып, сертификатпен марапатталды. Сондай-ақ, биыл ішкі істер органдарының тергеу бөлімшелерінің құрылғанына 61 жылдығына орай және тергеушілер күні қарсаңында «Мен тергеушімін» тақырыбында қысқаметражды фильм түсіріп, Атырау облысының полиция департаментінің қызметкерлері заңгер студенттері арасында байқау ұйымдастырған болатын. Аталған байқау нәтижесі бойынша ІІБ Тергеу басқармасының қызметкерлері жоғары балл жинаған үздік Азиза Хожанова – 1 орынмен, Нұрбек Қабдолқалихты 2 орынмен, Бекнұр Абдусламовты 3 орынмен марапаттады.

ӘСЕМ РУСЛАНҚЫЗЫ- «ХАЛЕЛ АРУЫ-2024» АТАНДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Қыз Жібек» қыздар клубының ұйымдастыруымен «Халел аруы-2024» байқауы өтті. Байқаудың мақсаты қыз балалардың бойындағы заманауи эстетикалық талғамын арттыру, факультет аруларының сұлулығы мен білімін сынға салып, үздікті анықтау. Жастар саясатының департаментінің басшысы Гүлнұр Саясатқызы: «Халел аруы дәстүрлі өтіп жүрген байқау. Бұл тек сұлулық байқауы емес, дала заңында жүрген көшпенді халқымыздың ханшайымы болған қазақ қыздарының рухын жалғастырушы, ұлттық дәстүріміз бен өнерімізді насихаттаушы байқау деп ойлаймын. Сондықтан факультетінің жүгін арқалап шыққан аруларға сәттілік тілейміз», – деп өз тілегін жолдады. Қыздардың сұлулығы мен білімі сынға түскен тартысты сайысқа әр факультеттен 6 ару қатысты. Аталған байқау 4 кезеңнен құралған. Олар тарихымызды насихаттап, ұлы әйелдердің образдарын сомдап, тал бойына жарасқан сымбатына сай ұлттық нақыштағы қазіргі заманға сай киім үлгілерін таныстырып, өз білімдерін де ортаға салды. Әділ қазылардың әділ шешімі бойынша «Халел аруы-2024» байқауының жеңімпазы тәжіне көптілді білім беру



факультетінің студенті Әсем Русланқызы ие болды. Сонымен қатар 2 орынды физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенті Жаннұр Нұрлыбекқызы, 3 орын мен «көрермен көзайымы» номинациясын гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенті Амина Нұрсұлтанқызы иеленді. Барлық сайысқа қатысушылар мен жеңімпаздарға арнайы алғыс хаттар мен ақшалай сыйлықтар табыс етіліп, лайықты сыйқұрмет көрсетілді.

Н.САМҒАТ



Фотоларды түсірген медиа орталық фотографы: Ернар ҚАБДЕЛОВ

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

ATYRAU UNIVERSITY

Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Г.Қайырғалиева – кеңесші
Ж.Мәлімқожа – бас редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
Е.Қабделов – фотограф

Редакция:
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Н.Самғат
Ж.Қалым
электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #0605
Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 500 дана